



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 9 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 10 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 18 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары;

Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

шығарылымға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезеңдігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 49 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 3 шілде**

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы

2014 жылғы 24 маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалының ғимаратында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) екінші отырысы болып өтті.

Отырысқа Комиссия мүшелерінен басқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Даму» КДҚ» АҚ Басқармасының Төрағалары Қ.У. Бішімбаев пен Л.Е. Ибрагимова, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің өкілдері қатысты. Банктер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарының (бұдан әрі – Бірлескен іс-қимыл жоспары) шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген ақшаның игерілу барысы туралы хабардар етті.

Қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банктерге аударылған ақша қаражатын нақты игеру басталды.

Атап айтқанда, «Даму» КДҚ» АҚ-тың ақпаратына сәйкес 2014 жылғы 23 маусымдағы жағдай бойынша банктер іс жүзінде 24 млрд. 787 млн. теңге сомасына 93 жобаны қаржыландырған. Олардың ішінде 14 млрд. 697 млн. теңге сомасына жаңа қарыз алушылардың 45 жобасы қаржыландырылды.

10 млрд. 90 млн. теңге сомасына 48 жоба қайта қаржыландырылды.

№	Банктің атауы	Бөлінген қаражат, млн. теңге	Іс жүзінде игеру, млн. теңге	Оның ішінде қайта қаржыландыру, млн. теңге
1	«Қазкоммерцбанк» АҚ	20 000	639	271
2	«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	20 000	978	666
3	«Цеснабанк» АҚ	20 000	14 150	2 432
4	«Банк ЦентрКредит» АҚ	8 000	2 373	1 536
5	«Темірбанк» АҚ	7 000	2 933	2 376
6	«АТФБанк» АҚ	7 000	567	99
7	«Сбербанк России» АҚ ЕБ	6 000	1 964	1 682
8	«Еуразиялық банк» АҚ	3 000	30	0
9	«Нұрбанк» АҚ	2 000	47	14
10	«Қазинвестбанк» АҚ	2 000	734	734
11	«AsiaCredit Bank» АҚ	2 000	157	64
12	«Bank RBK» АҚ	2 000	215	215
13	«Delta Bank» АҚ	1 000	0	0
	ЖИЫНТЫҒЫ	100 000	24 787	10 90

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қарыздарды беру талаптары туралы, сондай-ақ өтінімдерді ұсыну мен қарау тәртібі туралы ақпарат екінші деңгейдегі банктердің ресми Интернет-ресурстарында орналастырылды.

Кәсіпкерлердің өтініштері мен шағымдары келіп түскен кезде тараптардың өзара іс-қимылы тәртібін көздейтін «Даму» КДҚ» АҚ, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум қол қойылу сатысында.

Анықтама

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссия 2014 жылғы 18 сәуірде Мемлекет басшысының өкіміне сәйкес құрылды.

Көрсетілген жұмыс тобының құрамына Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі, Бас

Прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы), Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің басшылары, ҚР Президентінің көмекшісі, Парламент Сенатының және Мәжілісінің депутаттары, сондай-ақ Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың өкілдері кіреді. Жұмыс тобын Ұлттық Банк Төрағасы Қ.Н. Келімбетов басқарады.

Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың мақсатқа сай, заңды және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ Бірлескен іс-қимыл жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылатын инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды іске асыру және қаржылық бөлігі аудитінің мониторингін жүргізу болып табылады.

*Неғұрлым жан-жақты ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:
+7 (727) 270-46-39, E-mail: press@nationalbank.kz*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№50 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 4 шілде

2014 ж. 4 шілде

Астана қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) бүгін Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде олар кәсіпкерлік қоғамдастық және ҚР Ұлттық Банкі арасындағы сындарлы сұхбатты дамытуға ниеттеніп отыр.

Бұдан басқа, ҚР экономикасының және қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде интеграциялық бірлестіктер (Еуразиялық Экономикалық Одақ және ТМД) шеңберінде және халықаралық нарықта арттыру ҚРҰБ мен ҰКП ынтымақтастығының мақсаты болып табылады.

Осы іс-шара тараптардың бірлесіп жоспарлаған, отандық бизнес үшін қорландыруға қолжетімділікті жақсартуға бағытталған іс-қимылдармен қатар бірінші қадам болды. Тараптар Ұлттық Банк саланы дамытудың жалпы талаптарына ықпал ететін шешімдер қабылдаған кезде қаржылық қоғамдастықтың пікірін есепке алу үшін барынша күш-жігер жұмсауға уағдаласты.

Бірлескен іс-қимылдардың басымдықтары ретінде қазақстандық қаржы секторының тұрақтылығын қолдау, оның ішінде банк секторын жедел сауықтыру, экономикалық өсу сапасын арттыруға ықпал ету, қаржылық қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру, әсіресе аймақтарда, халықтың және шағын бизнестің қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру, сондай-ақ қор нарығын дамыту айқындалды.

ҚРҰБ және ҰКП пікірлер мен сараптамалық қорытындылар алмасуды, бұқаралық ақпарат құралдарында бірлескен жұмысты бағалауды, жүргізілетін жұмыстың айқын болу саясатын жүргізуді реттейтін жан-жақты Келісім әзірлеуге ниетті.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚРҰБ қолдауымен халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың республикалық бағдарламасын іске қосуға және шағын қалаларда және ауылдық жерлерде қаржылық қызметтің қолжетімділік деңгейі туралы зерттеулер жүргізуге уағдаласты.

Ұлттық Банк Төрағасы Қайрат Келімбетов қол қойылған Меморандумның маңыздылығын атап өтті және Ұлттық Банк пен Кәсіпкерлер палатасының Мемлекет басшысының тапсырмаларын, оның ішінде кәсіпкерлер үшін қаржыландырудың қолжетімділігін ұлғайту, қаржылық қызметтерді реттейтін заңнаманы жетілдіру жөніндегі тапсырмаларын тиімді іске асыруға жәрдемдесуге; шағын және орта бизнестің қаржылық сауаттылығын арттыруға көмектесуге және т.б. ниетті екендіктерін баса айтты.

ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президиумының Төрағасы Тимур Құлыбаевтың айтуынша, бұл меморандумға қол қою заңды қадам болып табылады, ҰКП мен Ұлттық Банк Ұлттық палатаның алғашқы құрылған күндерінен бастап-ақ тығыз ынтымақтастықта. ҰКП өкілдері Қаржылық тұрақтылық және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің, ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың жұмсалуды бақылау мәселелері жөніндегі комиссияның және жұмыс тобының құрамына кірген.

Меморандумның ережелеріне сәйкес ҰКП мен ҚРҰБ ҚР Үкіметі мен мемлекеттік органдарының қарауына енгізу үшін қаржы секторын одан әрі дамыту жөнінде бірлесіп ұсыныстар әзірлеуге, қаржы саласындағы, оның ішінде интеграциялық процестер шеңберіндегі қатынастарға қатысты ҚР заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша ынтымақтасуға, сондай-ақ бірлескен қызметте ашық ынтымақтастық және қағидаттарын негізге алуға ниетті.

*Негұрлым жан-жақты ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:
+7 (727) 270-46-39, E-mail: press@nationalbank.kz*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№51 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 10 шілде**

*Мемлекет басшысы Н. Назарбаев
Ұлттық Банк Төрағасы Қ. Келімбетовті қабылдады*

2014 жылғы 10 шілде

Алматы

Бүгін Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің Алматылық резиденциясында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетовті қабылдады.

Мемлекет басшысы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің және валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті, сондай-ақ әлемдік қаржы нарықтарындағы орын алған ахуалға орай жүйелік тәуекелдерге талдау жүргізуге баса назар аударды.

Қ. Келімбетов Президентке ағымдағы экономикалық жағдай және ҚР Ұлттық Банкі жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты туралы баяндап берді.

Ұлттық Банк басшысы атап өткендей, 2014 жылғы 1-тоқсанда ДЖӨ нақты өсуі 3,8% болды (2013 жылы – 6,0%-ға өсті). Ағымдағы операциялар шотының профициті 6,3 млрд. АҚШ доллары болды (2013 ж. I-тоқ. – 2,2 млрд. АҚШ доллары). 2013 жылғы I-тоқсанмен салыстырғанда тауарлар экспорты 10,8 %-ға өсіп, 22,7 млрд. АҚШ долларын құрады, ал тауарлар импорты 14,6%-ға төмендеп, 8,7 млрд. АҚШ доллары болды. Сауда балансының профициті 14 млрд. АҚШ долларын құрады.

2014 жылғы мамырдың аяғындағы жағдай бойынша ҚР Ұлттық қорының активтері 2013 жылдың аяғымен салыстырғанда (70,8 млрд. АҚШ доллары) 7,1%-ға ұлғайып, 75,8 млрд. АҚШ доллары болды. Алдын ала деректер бойынша ағымдағы жылғы 8 шілдеде Ұлттық қордың мөлшері шамамен 77 млрд. АҚШ долларын құрады.

2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, банк секторының жиынтық активтері 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 14,9%-ға ұлғайып, 16 999,0 млрд. теңге болды. Халықтың банктердегі салымдары 2014 жылғы қаңтар-мамырда 8,4%-ға өсіп, 4277,4 млрд. теңгені құрады.

Кездесу қорытындылары бойынша Мемлекет басшысы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономиканың даму қарқындарын сақтау жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№52 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 11 шілде**

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2014 жылғы маусымда инфляция 0,3% (2013 жылғы маусымда – 0,3%) болды. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 0,4%-ға (0,1%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,3%-ға (0,2%-ға) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,2%-ға (0,5%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2014 жылғы маусымда көбінесе ұн 2,6%-ға, күріш – 2,1%-ға, қант – 0,9%-ға, нан – 0,8%-ға, кондитерлік өнімдер – 0,8%-ға, макарон өнімдері – 0,6%-ға, балық және теңіз өнімдері – 0,3%-ға, ет және ет өнімдері – 0,2%-ға, көкөністердің арасында картоп – 16,8%-ға, сәбіз – 13,3%-ға қымбаттады. Жұмыртқаның бағасы 2,5%-ға, сүт – 0,3%-ға, орамжапырақ – 19,6%-ға, пияз – 7,0%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сыртқы киімнің бағасы 0,3%-ға, аяқ киім – 0,5%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,3%-ға, оның ішінде тұрмыстық тоқыма бұйымдары – 0,5%-ға, жуу және тазалау құралдары – 0,4%-ға, сондай-ақ дәрі-дәрмектер – 0,5%-ға қымбаттады. Бензиннің құны өзгерген жоқ, дизель отыны – 0,3%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу өзгерген жоқ. Бұл ретте суық су және кәріз үшін тарифтер 0,6%-ға, тұрғын үйді жалға алу – 0,2%-ға өсті, ыстық судың бағасы 1,7%-ға және қоқыс жинау – 0,1%-ға төмендеді. Бұдан басқа, өткен айда амбулаторлық қызмет көрсету бағасы – 0,5%-ға, көлік қызметі – 0,9%-ға, білім беру қызметі, мейрамханалар мен қонақүйлер 0,1%-ға көтерілді.

2014 жылғы қаңтар-маусымда инфляция 4,8% (2013 жылғы қаңтар-маусымда – 2,7%) болды. Азық-түлік тауарлары 2014 жылдың басынан бастап 5,5%-ға (1,7%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 4,7%-ға (1,1%-ға), ақылы қызмет көрсету – 4,0%-ға (5,4%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2013 және 2014 жж. қаңтар-маусымдағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2014 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсетуде 7,0% (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 7,3%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 7,0%-ға (3,3%-ға), ақылы қызметтер – 6,6%-ға (8,0%-ға) қымбаттады.

1. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2014 жылғы маусымда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 26,5 млрд. АҚШ долларына дейін 3,9%-ға азайды (жыл басынан бері 7,1%-ға

ұлғайды). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 4,1%-ға төмендеп, 25,7 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 6,2%-ға ұлғайды). Ішкі валюта нарығында валютаны сату, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру, сондай-ақ банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына шетел валютасының түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2014 жылғы маусымда 7,0%-ға төмендеді, алтындағы активтер жүргізілген операциялардың және оның әлем нарықтарында бағасының өсуі салдарынан 5,8%-ға ұлғайды.

2014 жылғы маусымда елдің тұтастай алғанда халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 76,6 млрд. АҚШ долл.) 103,1 млрд. АҚШ долларына дейін 0,3%-ға азайды (жыл басынан бері 7,9%-ға ұлғайды).

2014 жылғы маусымда ақша базасы 3,3%-ға кеңейіп, 3715,3 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 31,5%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3524,5 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға кеңейді.

2014 жылғы мамырда ақша массасы 12920,0 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 11,4%-ға өсу). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1397,8 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға өсті (жыл басынан бері 7,6%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 0,9%-ға ұлғайып, 11522,2 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері – 14,2%-ға ұлғайды). Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы қаңтар-мамырда тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы мамырда 89,2%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы 2014 жылғы қаңтар-мамырда тіркелген ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің үдемелі қарқынының салдарынан 2013 жылғы желтоқсандағы 4,10-нан 2014 жылғы мамырдың қорытындысы бойынша 3,59-ға дейін төмендеді.

2. Валюта нарығы

2014 жылғы маусымда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 183,49 – 183,52 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 183,52 теңге болды.

2014 жылғы маусымда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2014 жылғы алдыңғы аймен салыстырғанда 7,05%-ға ұлғайып, 5,4 млрд. АҚШ доллары болды. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 0,7 млрд. АҚШ долларына дейін 7,5%-ға өсті.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2014 жылғы мамырмен салыстырғанда 7,1%-ға өсіп, 6,2 млрд. АҚШ доллары болды.

3. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2014 жылғы маусымда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион өткізілді. Онда 11 жылдық МЕУКАМ (19,9 млрд. теңге), 12 жылдық МЕУКАМ (10,6 млрд. теңге), 13 жылдық МЕУКАМ (16,0 млрд. теңге), 16-жылдық МЕУКАМ (23,8 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (14,9 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 11 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,78%, 12 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,98%, 13 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,47%, 16-жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,55%, 5-жылдық МЕОКАМ бойынша – 6,2% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 2,1%-ға ұлғая отырып, 2014 жылғы маусымның аяғында 3872,0 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2014 жылғы маусымда Ұлттық Банк ноттарының эмиссиялары жүзеге асырылған жоқ.

Нәтижесінде 2014 жылғы маусымның аяғында айналыстағы ноттардың көлемі 2014 жылғы мамырмен салыстырғанда өзгерген жоқ және 10,9 млрд. теңге құрады.

4. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылғы мамырда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2014 жылғы сәуірмен салыстырғанда 28,9%-ға ұлғайып, баламасында 3664,9 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 1,8 есе ұлғайып, 651,9 млрд. теңге

(орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 17,8%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы сәуірдегі 2,7%-дан 2014 жылғы мамырда 2,78%-ға дейін өсті.

2014 жылғы мамырда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 2014 жылғы сәуірмен салыстырғанда 16,5%-ға өсіп, 15,3 млрд. АҚШ доллары (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 76,2%) болды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы сәуірдегі 0,04%-дан 2014 жылғы мамырда 0,05%-ға дейін ұлғайды.

Ресей рублімен және еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі көп емес – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 3,9% және 2,1%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы сәуірдегі 87,4%-дан 2014 жылғы мамырда 82,2%-ға дейін қысқарды. Ш е т е л валютасымен резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен 2014 жылғы сәуірдегі 87,2%-дан 2014 жылғы мамырда 81,8%-ға дейін қысқарды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы сәуірмен салыстырғанда 2014 жылғы мамырда 2 есе ұлғайып, 615,9 млрд. теңгені құрады.

5. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2014 жылғы мамырда 11522,2 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға (жылдың басынан бері өсу 14,2%-ға) көтерілді. Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 7279,6 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға (жылдың басынан беру өсу 17,8%-ға) көтерілді, жеке тұлғалардың депозиттері 4242,5 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға (жылдың басынан беру өсу 8,6 %-ға) ұлғайды.

Ұлттық валютамен депозиттердің көлемі 2014 жылғы мамырда 0,8%-ға 6263,3 млрд. теңгеге дейін (заңды тұлғалардікі – 0,4%-ға төмендеу, жеке тұлғалардікі – 3,5%-ға өсу) ұлғайды, шетел валютасымен – 1,0%-ға 5258,9 млрд. теңгеге дейін (заңды тұлғалар – 2,4% өсу, жеке тұлғалардікі – 0,8% төмендеу) ұлғайды. Теңгемен депозиттердің үлес салмағы алдыңғы айдағы деңгейде сақталып, 54,4%-ды құрады.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2014 жылғы мамырда 4277,4 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды. Халық салымдарының құрылымында теңгемен депозиттер 2019,9 млрд. теңгеге дейін 3,4%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 2257,5 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 46,2%-дан 47,2%-ға дейін ұлғайды.

2014 жылғы мамырда мерзімді депозиттер 7791,6 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға төмендеді. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен депозиттер 4077,9 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға ұлғайды, шетел валютасымен депозиттер 3713,7 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға төмендеді.

2014 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,6% (2014 жылғы сәуірде – 5,8%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,9% (8,9%) болды.

7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2014 жылғы мамырда 12306,4 млрд. теңгені құрап, 0,6%-ға өсті (жыл басынан өсім 9,0%).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 8037,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға өсті (жыл басынан өсім 1,3%), шетел валютасындағы кредит көлемі 4269,0 млрд. теңгеге 0,03%-ға төмендеді (жыл басынан өсім 27,2%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 65,1%-дан 65,3%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2014 жылғы мамырда 9896,5 млрд. теңгені құрап, 1,1%-ға көтерілді, қыскамерзімді кредиттеу 2409,9 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға төмендеді. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,1%-дан 80,4%-ға дейін өсті.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2014 жылғы мамырда 8360,9 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға өсті, жеке тұлғаларға кредиттер 3945,5 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,0%-дан 32,1%-ға дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2014 жылғы мамырда 1507,6 млрд. теңгеге дейін 3,0%-ға өсті (жыл басынан өсім 17,5%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 12,3%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің анағұрлым айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,3%), құрылыс (12,1%), өнеркәсіп (10,8%), көлік (3,7%) және ауыл шаруашылығы (3,4%) сияқты салаларға тиесілі.

2014 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,0% (2014 жылғы сәуірде – 10,8%), жеке тұлғаларға – 19,0% (18,0%) болды.

2014 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01.07	02.07	03.07	04.07	05-08.07	09.07	10.07	11.07	12-14.07	15.07	16.07
Австралия доллары	AUD	172,47	173,46	173,57	172,05	171,65	172,38	171,98	172,44	172,31	171,98
Әзірбайжан манаты	AZN	234,59	234,59	234,56	234,56	234,56	234,56	234,56	234,56	234,56	234,56
Ағылшын фунт стерл.	GBP	312,35	314,35	314,98	314,52	314,7	313,71	314,11	314,37	314,17	314,52
100 Белорусь рублі	BYR	1,8	1,8	1,8	1,8	1,8	1,79	1,79	1,79	1,79	1,79
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	83,67	82,88	83,32	82,52	83,05	82,48	82,97	82,65	82,65	83,03
10 Венгер форинті	HUF	8,08	8,1	8,06	8,04	8,03	8,07	8,07	8,06	8,08	8,07
1 Гонконг доллары	HKD	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68	23,68
Даг кронасы	DKK	33,62	33,68	33,63	33,61	33,45	33,47	33,57	33,51	33,55	33,47
БАӘ дирхамы	AED	49,97	49,97	49,96	49,96	49,97	49,96	49,97	49,97	49,97	49,97
АҚШ доллары	USD	183,52	183,52	183,52	183,52	183,52	183,52	183,52	183,52	183,52	183,52
Еуро	EUR	250,6	251,06	250,71	250,6	249,37	249,53	250,23	249,81	250,12	249,55
Үнді рупиясы	INR	3,06	3,05	3,07	3,07	3,07	3,07	3,07	3,05	3,05	3,05
Канада доллары	CAD	171,84	172,04	172,63	172,38	172,51	171,82	172,14	172,64	170,97	170,97
Қытай юані	CNY	29,58	29,6	29,55	29,55	29,58	29,6	29,59	29,58	29,57	29,56
Қырғыз сомы	KGS	3,54	3,52	3,53	3,53	3,52	3,52	3,54	3,54	3,55	3,54
100 Оңтүстік Корея вонасы	KRW	18,14	18,15	18,19	18,2	18,19	18,14	18,11	18,01	18,03	17,87
Кувейт динары	KWD	651,47	651,24	651,47	651,47	651,24	650,78	651,24	651,24	651,01	651,01
Литва литі	LTL	72,61	72,74	72,64	72,6	72,25	72,3	72,5	72,38	72,48	72,3
Малайзия ринггиті	MYR	57,18	57,24	57,29	57,41	57,63	57,89	57,77	57,62	57,72	57,73
Молдова лейі	MDL	13,13	13,14	13,15	13,17	13,18	13,19	13,12	13,12	13,16	13,18
Норвег кронасы	NOK	29,81	29,76	29,76	29,6	29,52	29,73	29,85	29,82	29,76	29,65
Польша злотыйы	PLN	60,22	60,41	60,41	60,35	60,21	60,32	60,54	60,32	60,44	60,31
Ресей рублі	RUB	5,4	5,35	5,36	5,36	5,34	5,35	5,4	5,39	5,35	5,34
Сауд Аравиясының риялы	SAR	48,93	48,93	48,93	48,93	48,93	48,93	48,94	48,93	48,94	48,93
СДР	XDR	283,37	283,7	284,16	284,03	283,81	283,34	283,5	283,58	283,56	283,63
Сингапур доллары	SGD	147,04	147,16	147,37	147,24	147,29	147,57	147,87	147,82	148,06	147,77
Тәжік сомоні	TJS	37,25	37,25	37,25	37,12	37,12	37,12	36,59	36,59	36,59	37,25
Тайланд багы	THB	5,66	5,66	5,67	5,67	5,67	5,67	5,7	5,7	5,72	5,71
1 түрік лирасы	TRY	86,44	86,59	86,12	86,14	86,13	86,28	86,53	86,42	86,65	86,61
100 Өзбек сомы	UZS	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,99	7,93	7,99
Украин гривнасы	UAH	15,66	15,62	15,5	15,58	15,61	15,74	15,69	15,74	15,71	15,7
Чех кронасы	CZK	9,13	9,16	9,15	9,14	9,09	9,1	9,13	9,11	9,12	9,1
Швед кронасы	SEK	27,3	27,38	27,38	26,86	26,74	26,84	27,13	27,11	27,09	27,02
Швейцар франкі	CHF	206,29	206,78	206,64	206,43	205,19	205,37	206,06	205,79	206,13	205,58
Оңтүстік Африка ранды	ZAR	17,3	17,26	17,12	17,03	17,07	17,15	17,13	17,13	17,12	17,13
1 жапон йенасы	JPY	1,81	1,81	1,81	1,8	1,8	1,8	1,81	1,81	1,81	1,81

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
16.06-20.06	183,51	183,51	0,00	974,10
23.06-27.06	183,49	183,50	0,00	1 682,15
30.06-04.07	183,52	183,52	0,01	959,30
30.06.2014	183,51	183,52	0,01	264,60
01.07.2014	183,52	183,52	0,00	252,60
02.07.2014	183,52	183,52	0,00	198,50
03.07.2014	183,52	183,52	0,00	179,60
04.07.2014	183,52	183,52	0,00	64,00
07.07-11.07	183,52	183,52	0,00	970,25
08.07.2014	183,52	183,52	0,00	240,40
09.07.2014	183,52	183,52	0,00	237,50
10.07.2014	183,52	183,52	0,00	200,20
11.07.2014	183,52	183,52	0,00	292,15

* - өткен кезеңге өзгерістер.




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Первичный рынок государственных ценных бумаг

	превышение спроса над предложением, раз	удовлетворение спроса, %	средневзвешенная эффективная доходность за период, %	объем удовлетворенного спроса, млрд. тенге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
04.05-06.05	0,28	100,0	7,10	8,0
11.05-16.05	1,50	71,06	7,94	79,7
19.05-23.05	1,34	94,74	7,09	19,1
26.05-30.05	1,29	94,15	7,44	26,6
02.06-06.06	-	-	-	-
09.06-13.06	3,44	57,89	6,78	19,9
16.06-20.06	1,42	70,04	7,52	25,5
23.06-27.06	1,75	72,94	6,69	39,8
30.06-04.07	-	-	-	-
07.07-11.07	1,49	39,90	6,65	8,3
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
04.05-06.05	-	-	-	-
11.05-16.05	-	-	-	-
19.05-23.05	0,20	100,0	3,27	2,0
26.05-30.05	-	-	-	-
02.06-06.06	-	-	-	-
09.06-13.06	-	-	-	-
16.06-20.06	-	-	-	-
23.06-27.06	-	-	-	-
30.06-04.07	-	-	-	-
07.07-11.07	0,30	100,0	3,27	3,0

Тенгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде ҚҰБ ноттары			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	орташамерзімді	қысқамерзімді	
25.04.14	3 696 173,90	3 066 298,55	573 390,85	47 578,50	8 906,00
30.04.14	3 704 176,86	3 074 301,51	573 390,85	47 578,50	8 906,00
06.05.14	3 691 630,17	3 075 358,07	573 390,85	33 975,25	8 906,00
16.05.14	3 756 945,11	3 153 952,07	558 967,85	35 119,19	8 906,00
23.05.14	3 778 030,16	3 173 053,12	558 967,85	35 119,19	10 890,00
30.05.14	3 804 658,04	3 199 681,00	558 967,85	35 119,19	10 890,00
06.06.14	3 797 693,16	3 199 681,00	558 967,85	28 154,31	10 890,00
13.06.14	3 817 623,51	3 219 611,35	558 967,85	28 154,31	10 890,00
20.06.14	3 857 435,54	3 259 423,38	558 967,85	28 154,31	10 890,00
27.06.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
04.07.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
11.07.14	3 879 942,78	3 278 348,00	573 817,85	13 910,93	13 866,00

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2005 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
07.07.2014	4,974
08.07.2014	5,012
09.07.2014	4,944
10.07.2014	4,926
11.07.2014	4,928
эмиссия басынан бері	-1,763
апта үшін	-0,046




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,
30.06-04.07	328,4	4 203,1	-6,6	408,5	109,7	-16,0
07.07-11.07	233,5	3 046,6	-27,5	318,0	88,7	-19,1

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	04.07.2014	11.07.2014	кезең үшін	2001ж.жел.бастап
Dow Jones	17 068,26	16 943,81	-0,73%	67,15%
Nikkei 225	15 437,13	15 164,04	-1,77%	43,84%
DAX	10 009,08	9 666,34	-3,42%	87,33%
FTSE	6 866,05	6 690,17	-2,56%	28,69%
Hang Seng	23 546,36	23 233,45	-1,33%	103,24%




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	04.07.2014	11.07.2014	кезең үшін	2001ж.жел.бастап
USD/JPY	102,06	101,30	-0,74%	-22,74%
GBP/USD	1,7160	1,7116	-0,26%	17,94%
EUR/USD	1,3595	1,3608	0,10%	53,68%
USD/RUR	34,19	34,06	-0,40%	11,68%

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		04.07.2014	11.07.2014	кезең үшін	2001ж.жел.бастап
алтын	тр.ун.	1320,6	1338,6	1,37%	383,87%
мыс	метр.тонна	7 161,0	7 173,5	0,17%	391,18%
мырыш	метр.тонна	2 231,3	2 300,8	3,11%	198,22%
мұнай	баррель	109,65	105,83	-3,48%	421,33%
астық	тонна	202,46	198,05	-2,18%	96,36%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозит- тер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)
09.06.14-13.06.14								
KZT	153 400 000	2,72	3 000 000	9,17	320 000	3	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	5 017 647	0,04	151294	0,20
EURO	2 300	0,01	0	0,00	105 300	0,04	0	0,00
RUR	135 000	5,00	0	0,00	2 728 000	7,24	0	0,00
16.06.14-20.06.14								
KZT	185 885 000	2,77	0	0,00	495 000	4	5 000 000	4,35
USD	1 000	1,00	5 100	3,44	4 109 720	0,03	142 000	0,35
EURO	1 200	0,01	0	0,00	1 000	0,40	125	6,00
RUR	200 000	5,68	0	0,00	4 760 000	7,33	0	0,00
23.06.14-27.06.14								
KZT	105 600 000	2,68	0	0,00	1 420 000	3	10 000 000	4,40
USD	1 500	0,67	0	0,00	3 967 331	0,03	0	0,00
EURO	22 200	4,51	18 500	5,50	600	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	5 841 300	7,04	0	0,00
30.06.14-04.07.14								
KZT	209 850 000	2,75	0	0,00	10 940 000	4	0	0,00
USD	39 000	1,02	0	0,00	4 318 303	0,04	175 235	0,15
EURO	10 300	0,44	0	0,00	4 900	1,87	0	0,00
RUR	70 000	6,00	0	0,00	4 604 600	6,52	0	0,00


*-мың валюта бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валюталардың түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		мың валюта бірлігі	% *		
09.06.14-13.06.14					
USD	107 832	56 320	52,2	183,51	183,52
RUB	29 500	29 500	100,0	5,36	5,36
EUR	270	270	99,9	249,05	249,34
16.06.14-20.06.14					
USD	173 183	62 950	36,3	183,51	183,52
RUB	146 573	145 880	99,5	5,33	5,33
EUR	1 680	1 480	88,1	248,88	248,90
23.06.14-27.06.14					
USD	176 327	70 600	40,0	183,51	183,52
RUB	105 700	105 700	100,0	5,42	5,42
EUR	18 959	18 855	99,5	248,47	249,83
30.06.14-04.07.14					
USD	189 564	80 450	42,4	183,52	183,52
RUB	109 000	109 000	100,0	5,35	5,35
EUR	2 170	2 135	98,4	246,72	250,74

* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2014 жылғы 6 мамыр

№ 76

*Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне
және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы*

«Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) бекітілсін.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Талаптардың 1 және

2-қосымшаларына сәйкес тоқсан сайынғы ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады.

Ақпарат ұсынылатын деректердің түзетілмеуін қамтамасыз ететін электрондық тасымалдағышта Microsoft Office Excel форматында есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

3. Мыналардың:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды, сақтандыру резервтері жөніндегі есептілікті беру нысандарын және мерзімін бекіту туралы» 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 61 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6293 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру резервтерін құру қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы

25 ақпандағы № 75 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8669 тіркелген, 2013 жылғы 27 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 146 (2347) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 шілдеде № 9529 тіркелді

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне олардың құрылымына қойылатын талаптар

Осы Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және «жалпы сақтандыру» саласының және «өмірді сақтандыру» саласының міндетті және ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) актуарлық әдістер – сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий пайдаланатын есептеудің экономикалық-математикалық әдістері;

2) еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданылуының есептеу күнінен кейінгі кезеңіне қатысты бөлігі;

3) есептеу күні – сақтандыру резервтері есептелетін күн;

4) индекстеу мөлшерлемесі – сақтандыру төлемінің мөлшерін жоғарылататын мөлшерлеме;

5) келтірілген күтілетін құны – сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) не сақтандыру төлемдерінің, не шығыстардың пайыздық мөлшерлемесі және сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) есептелу күні мен түсу күні не сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша өлім, мүгедектік, науқас болу ықтималдығы және солардың негізінде есептелген еркек және (немесе) әйел жынысты адамдардың болашақ өмір сүру ұзақтығымен байланысты шамалар қамтылатын кестелер (бұдан әрі – өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері) пайдаланыла отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні арасындағы уақыт кезеңі ескеріле отырып есептелген (дисконтталған) күтілетін (ықтимал) құны;

6) келтірілген шығындар – есеп беру күнінде сақтандыру ұйымының жүзеге асырылған төлемдерінің және реттелмеген шығындарының сомасы;

7) нетто-сыйлықақы (бөліп төлеу кезіндегі нетто-жарналар) – актуарий актуарлық әдістер негізінде бағалаған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің тек қана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге шығыстарын жабу ескерілмей сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді қабылдағаны үшін төленуге тиіс ақша сомасы;

8) резервтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерінің шамасына әсер ететін параметрлер мәндерінің жиынтығы;

9) реттелмеген шығын – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша мәлімделген талап;

10) сақтандыру резервтерін құру шығыстары – есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру резервтерінің сомасын ұлғайту;

11) сақтандыру резервтерінде қайта сақтандырушының үлесін құру кірістері – есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін ұлғайту;

12) сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі – есептеу күніндегі қайта сақтандырушының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша міндеттемелерінің бөлігі;

13) сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін төмендетуден болған шығыстар – есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының

үлесін азайту;

14) сақтандыру резервтерінің мөлшерін төмендетуден түскен кірістер – есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру резервтерінің сомасын төмендету;

15) сақтандыру сыйлықақысы – бухгалтерлік есепте кіріс ретінде танылған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы;

16) таза сақтандыру сыйлықақысы – қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру сыйлықақысы;

17) тарифтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тарифтерінің шамасына әсер ететін параметрлер мәндерінің жиынтығы.

2. Сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетгі ақпаратқа қойылатын талаптар

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін сақтандыру резервінің түріне қарай әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша, әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша және әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке-жеке қалыптастырады. Сақтандыру резервтерін есептеу кейінгі тәуекелдерді қайта сақтандыруға қарамастан, барлық жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдайтын міндеттемелер көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін есептеуді мыналарда:

1) Талаптардың 1-қосымшасының 1-нысаны бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналында;

2) Талаптардың 1-қосымшасының 2-нысаны бойынша реттелмеген шығындарды есепке алу журналында;

3) Талаптардың 1-қосымшасының 3-нысаны бойынша төлемдерді есепке алу журналында;

4) Талаптардың 1-қосымшасының 4-нысаны бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қайта сақтандыруға берген шарттарды есепке алу журналында;

5) Талаптардың 1-қосымшасының 5-нысаны бойынша зейнетақы аннуитетінің және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлерінің қолданыстағы шарттарын есепке алу журналында;

6) Талаптардың 1-қосымшасының 6-нысаны бойынша «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заң) сәйкес жасалған қолданыстағы аннуитет шарттарын есепке алу журналында;

7) Талаптардың 1-қосымшасының 7-нысаны бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және олардың соңғы 12 ай ішінде күшіне енген қосымша келісімдерін есепке алу журналында;

8) Талаптардың 1-қосымшасының 8-нысаны бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдерді және қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналында;

9) Талаптардың 1-қосымшасының 9-нысаны бойынша зейнетақы аннуитетінің және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлерінің шарттарына қосымша келісімдерді есепке алу журналында;

10) Талаптардың 1-қосымшасының 10-нысаны бойынша Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес жасалған аннуитет шартына қосымша келісімдерді есепке алу журналында қамтылатын ақпарат негізінде жүзеге асырады.

Журналдар электрондық түрде жүргізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган):

Талаптардың 1-қосымшасына сәйкес журналдарды;

Талаптардың 2-қосымшасының 1-нысаны бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін инфляцияға түзетусіз тізбекті баспалдақ әдісімен есептеуге арналған деректерді;

Талаптардың 2-қосымшасының 2-нысаны бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін инфляцияға түзетумен тізбекті баспалдақ әдісімен есептеуге арналған деректерді;

Талаптардың 2-қосымшасының 3-нысаны бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Борнхюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен есептеуге арналған деректерді;

Талаптардың 2-қосымшасының 4-нысаны бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Мак әдісімен есептеуге арналған деректерді ұсынады.

3. Сақтандыру резервтерінің құрылымы

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қалыптастыруы міндетті сақтандыру резервтері мыналарды қамтиды:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві (бұдан әрі – ЕСР) – есептеу күнінен кейінгі сақтандыру қорғаудың қолданылуы кезеңіне қатысты, келесі есепті кезеңдерде туындауы мүмкін төлемдерді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындауға арналған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақының (жарналарының) бөлігі (еңбек сіңірілмеген сыйлықақы);

2) орын алмаған шығындар резерві (бұдан әрі – ОАШР) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептеу күні орын алмаған, бірақ келешекте сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты қолданыста болу кезеңінде болуы мүмкін сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері;

3) шығындар резервтері:

орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві (бұдан әрі – ОМШР) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде орын алған, басталуы фактісі туралы заңда немесе шартта белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде мәлімделмеген сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған шығындарды реттеу бойынша шығыстарды қоса алғандағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерінің бағалауы болып табылады;

мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві (бұдан әрі – МРШР) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп беру күніне шығындарды реттеуге шығыстарды қоса алғандағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша орындалмаған немесе толық орындалмаған міндеттемелерінің бағалауы болып табылады. Сақтандыру шығындарын реттеу шығыстары – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған, сақтанушының мүліктік мүдделеріне келтірілген залалдың (зиянның) мөлшерін бағалауға және төмендетуге байланысты сараптамалық, консультациялық және өзге қызмет көрсетулерді төлеу үшін қажетті ақша қаражатының сомасы.

5. Сақтандыру шарты бойынша ЕСР, ОАШР, МРШР есептеу кезінде және сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР есептеу кезінде теріс мәнді сақтандыру резервтерінің қорытынды мәні нольге айналады.

4. «Жалпы сақтандыру» саласы

6. ЕСР есептеу әрбір сақтандыру шарты бойынша жеке жүргізіледі.

7. ЕСР шамасын есептеу үшін пропорция әдісі қолданылады.

8. Пропорция әдісі бойынша ЕСР әрбір шарт бойынша есептелген еңбек сіңірілмеген сыйлықақыларды қосу арқылы анықталады.

Пропорция әдісімен еңбек сіңірілмеген сыйлықақы әрбір шарт бойынша есепті күні сақтандыру қорғаудың аяқталмаған қолданылу мерзімінің (күнмен) сақтандыру сыйлықақы бухгалтерлік есепте сақтандыру қорғаудың қолданылуы соңына дейін кіріс ретінде танылған күннен бастап сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімі (күнмен) қатынасына шарт бойынша сақтандыру сыйлықақының көбейтіндісі ретінде анықталады:

$$ЕСР = СС \times \left(\frac{T_1 - T_2}{T_1} \right)$$

мұнда:

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

T_1 – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақы бухгалтерлік есепте сақтандыру қорғаудың қолданылуы соңына дейін кіріс ретінде танылған күннен бастап сақтандыру қорғау қолданылатын күндер саны;

T_2 – сақтандыру сыйлықақы бухгалтерлік есепте есептеу күнге дейін (қоса алғанда) кіріс ретінде

танылған күннен бастап сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күндер саны.

9. ОМШР есептеу әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке жасалады. ОМШР жалпы шамасы барлық сақтандыру сыныптары бойынша есептелген ОМШР қосу арқылы анықталады.

10. ОМШР есептеу мынадай актуарлық әдістермен (төлемдер не келтірілген шығындар негізінде үшбұрыштар әдістері) жүзеге асырылады:

1) тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен және инфляцияға түзетусіз.

Тізбекті баспалдақ әдісі – есепті кезеңде немесе есепті кезең алдыңғы кезеңдерде болған сақтандыру жағдайлар бойынша сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді бөлу әдісі.

Тізбекті баспалдақ әдісіндегі сақтандырушының міндеттемелерін бөлу сақтандыру ұйымының төлемдерімен (төленген шығындарымен) немесе келтірілген шығындарымен жасалынады.

Инфляцияға түзетумен тізбекті баспалдақ әдісіндегі төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар инфляция көрсеткішіне ұлғаяды;

2) Борнхьюттера-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісі.

Борнхьюттера-Фергюсон әдісі төлемдермен (төленген шығындармен) немесе келтірілген шығындармен және келешектегі шығындардың күтілетін шамасын анықтау арқылы есептелетін тізбекті баспалдақ әдісімен негізделеді.

Келешектегі шығындардың күтілетін шамасы еңбек сіңірілген сыйлықақының және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4218 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 83 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесіне сәйкес анықталатын қайта сақтандырушының үлесі ескерілген шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің көбейтіндісіне тең.

3) Мак әдісі.

Мак әдісі сақтандыру ұйымының төлемдерімен (төленген шығындарымен) немесе келтірілген шығындарымен есептелетін баспалдақ әдісімен негізделеді, бұл ретте келешектегі шығындардың күтілетін шамасы Талаптардың 2-қосымшасының 4-нысанына сәйкес сызықтық регрессия негізінде айқындалады.

Осындай әдіс қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР есептеу үшін қолданылады.

Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР Мак әдісімен есептеу мүмкін болмаса, ОМШР Талаптардың 16-тармағының талаптарын ескере отырып, 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген әдістермен есептеледі.

Егер есепті күні ОМШР мәні алдыңғы есепті күнмен салыстырғанда 30%-ға астам төмендеуі болжанса, ОМШР есептеу үшін ОМШР ең үлкен мөлшерін көздейтін актуарлық әдіс қолданылады.

Актуарий шығындардың даму факторларын теңестіру мақсатында ОМШР үшбұрыш әдістерімен есептеу кезінде ірі шығындарды түзетуді жүргізеді.

11. Актуарий Талаптардың 10-тармағында көзделген актуарлық есептеу әдістерінің негізінде ОМШР мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдайды.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыныбы бойынша қызметін үш жылдан кем жүзеге асырған не Талаптардың 10-тармағында көрсетілген әдістермен ОМШР есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, ОМШР есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

13. ОМШР Талаптардың 10-тармағында көрсетілген әдістер бойынша есептелгенде, актуарий, ОМШР мөлшерін есептеудің таңдаған әдісі туралы негіздемені ұсынады. ОМШР Талаптардың 12-тармағына сәйкес есептелген жағдайда актуарий ОМШР есептеу үшін деректердің жеткіліксіздігі туралы негіздемені ұсынады.

14. Уәкілетті орган Талаптардың 13-тармағында көрсетілген негіздемелерді тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

15. Ипотекалық сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР шамасы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда есептелген сақтандыру сыйлықақының

60 (алпыс) пайызынан кем емес болады.

16. Актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайда алушының еңбекке жарамдылығы дәрежесінің ұзартылуын қайта қуәландыруға және (немесе) жоғалтуға, денсаулығының нашарлауына байланысты міндеттемелерінің сомасына ОМШР-дың ұлғаюын жүзеге асырады.

Актуарий мынадай себептер бойынша:

еңбекке жарамдылығын жоғалтқан адамдардың өмір сүруінің күтілетін ұзақтығының төмендеуі;

еңбекке жарамдылығын жоғалтқан адамдардың кәсіби ауруларының болмауы;

өндірістік орта факторларының зияндылығы мен қауіптілігі көрсеткіштері бойынша еңбекке жарамдылығын жоғалтқан адамдардың еңбек жағдайларының жақсаруы;

еңбекке жарамдылығын жоғалтқан адамдар орындайтын жұмыс көлемінің, оның күрделілігі мен қиындығының азаюы;

еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесі қайта қуәландырылғаннан кейін төмендеуі бойынша еңбекке жарамдылығын жоғалту ұзақтығының төмендеу мүмкіндігіне негіздеме болған жағдайда пайда алушының еңбекке жарамдылығы дәрежесін қайта қуәландыруға және (немесе) ұзартуға, денсаулығының нашарлауына байланысты міндеттемелерінің ұлғаю сомасын төмендетеді.

Актуарий талаптардың 14-тармағына сәйкес уәкілетті органға пайда алушының еңбекке жарамдылығы дәрежесін қайта қуәландыруға және (немесе) ұзартуға, денсаулығының нашарлауына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша негіздемені ұсынады.

Актуарий Талаптарға сәйкес ОМШР Мак әдісімен есептеген жағдайда пайда алушының еңбекке жарамдылығы дәрежесін қайта қуәландыруға және (немесе) ұзартуға, денсаулығының нашарлауына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша ОМШР ұлғайтуды жүзеге асырмайды.

17. МРШР есеп жүргізу күні мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша жеке жүргізіледі. МРШР шамасы барлық мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша есептелген МРШР қосу арқылы анықталады.

18. МРШР:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтініш алған және төлемді жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған кезде МРШР төлем мөлшерінде;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтініш алған және төлемді жүзеге асыру туралы шешім болмаған жағдайда мәлімделген және құжаттамалық расталған шығынның мөлшерінде қалыптастырылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында шығынның мөлшері туралы жеткілікті ақпарат болмаған жағдайда МРШР сақтандыру төлемі үшін жеткілікті, бірақ сақтандыру жағдайларының осыған ұқсас тобы бойынша жасалған, төленген талаптардың орташа мәнінен кем емес қалыптастырылады.

19. МРШР сомасы мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарауға және реттеуге тікелей байланысты, актуариймен есептелетін болжанған шығыстар сомасына ұлғаяды.

20. Есеп беру күніне реттелмеген шығын сақтанушы өзіне кез келген қол жетімді тәсілмен не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында және (немесе) шартта көзделген тәртіппен сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарлаған сәттен бастап шығындарды есепке алу журналында тіркеледі.

21. МРШР есептелген шамасы сақтанушының (қайта сақтанушының) есептеу күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеу бойынша берешегі сомасына кемітіледі.

22. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы шығын жөнінде мәлімделген күннен бастап ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған не сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім шығарған не сақтанушы ол бойынша сақтандыру төлем алудан жазбаша бас тартқан күнге дейін (қайсы күн ертерек басталуына орай) МРШР мөлшерін қалыптастырады.

5. «Өмірді сақтандыру» саласы

23. Сақтандыру қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу актуарлық әдістер пайдаланып орындалады.

24. Сақтандыру қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандырылушының қайтыс болуы тәуекелін жаппайтын жағдайда, сондай-ақ:

- 1) жинақтаушы емес өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру);
- 2) жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру);
- 3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күнінен кейін келетін аннуитет;
- 4) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күніне дейін келетін аннуитет шарттарының жеке түрлері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының инвестициялық кірісінде сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру шарттарын қоспағанда, актуариймен әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша жеке жүргізіледі.

25. Сақтандыру қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жазатайым жағдайлардан сақтандыру сыныбы бойынша және ауырған жағдайдан сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу актуариймен Талаптардың 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Сақтандыру резервтерін есептеу сақтандыру шарттарының талаптарын ескере отырып, резервтік базис негізінде жүзеге асырылады.

27. Резервтік базис сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары талаптарының айырмашылығы ескеріліп, атап айтқанда сақтандыру жағдайларының тізбесіне, қолданылу мерзіміне, сақтандыру жарналарын төлеу тәртібі мен мерзіміне, сақтандыру төлемдерінің мерзіміне, сондай-ақ сақтандыруға қабылданатын тәуекел дәрежесіне объективті әсер ететін өзге факторларға қарай белгіленеді.

28. Резервтік базис мынадай параметрлерді қамтиды:

- 1) жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін есептеу үшін пайдаланатын өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері;
- 3) сақтандырушының сақтандыру шарттарын қамтамасыз ету бойынша болашақ шығыстардың (іс жүргізу бойынша болашақ шығыстардың) абсолюттік шамасы немесе үлесі, сондай-ақ сақтандыру сомасынан сақтандыру төлемдерін пайызбен жүзеге асыруға арналған шығыстар үлесі (бұдан әрі – шығыстар көрсеткіштері);
- 4) сақтандыру төлемдерін индекстеу мөлшерлемелері.

29. Резервтік базис параметрлерінің мәні резервтік базис тарифтік базиске қарағанда консервативті болып табылғандағы жағдайды қоспағанда, тарифтік базистің параметрлерінің мәнімен сәйкес келеді.

Мынадай резервтік базис тарифтік базиске қарағанда консервативті базис болып саналады:

резервті базистің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі, тарифтік базистің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесіне қарағанда кем;

резервті базистің өмірді сақтандыру шарттары бойынша өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесінің коэффициенттері тарифтік базистің барлық жас ерекшеліктері бойынша тиісті кестесінің коэффициенттерінен жоғары;

резервті базистің аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесінің коэффициенттері тарифтік базистің барлық жас ерекшеліктері бойынша тиісті кестесінің коэффициенттерінен төмен;

резервті базистің әкімшілік шығыстарының мөлшерлемесі тарифтік базистің тиісті мөлшерлемесінен асады;

резервті базистің индекстеу мөлшерлемесі тарифтік базистің индекстеу мөлшерлемесінен жоғары.

Осы тармақ мыналарға:

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған аннуитет шарттарына;

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап «өмірді сақтандыру» саласының өзге шарттары қолданылады.

30. Қолданыстағы барлық шарттар бойынша сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий:

- 1) егер сақтандыру валютасы шетел валютасы болып табылса 4 (төрт) пайыздан;
- 2) егер сақтандыру валютасы ұлттық валютасы болып табылса 6 (алты) пайыздан аспайтын жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдаланады.

31. Актуарий сақтандыру резервтерін есептеу кезінде егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартымен индекстеу көзделсе, индекстеу мөлшерлемесін пайдаланады.

Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша актуарий 5 (бес) пайыздан кем емес мөлшерде индекстеу мөлшерлемесін пайдаланады.

32. Өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесін таңдау сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелінің ерекшелігін ескере отырып, сақтандырылушының және (немесе) сақтанушының сипаттары негізінде жүргізіледі.

33. Резервтік базистің параметрлері әрбір параметр бойынша негіздеделер қоса беріле отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысымен бекітілген Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және одан айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру, тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің актуарлық есептердің шынайылығын тексеру нәтижесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беру тәртібі туралы ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1532 тіркелген) сәйкес ұсынылатын актуарлық қорытындыда көрсетіледі.

34. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОАШР есептеу күніне қолданыстағы барлық өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтері сомасы ретінде есептеледі.

35. Жеке өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ОАШР мынадай шамалардың ең жоғарғы шамасына тең болады:

$$1) \text{ ОАШР } 1 = \text{ТКкк} + \text{ТМКкк} + \text{ОШКкк} - \text{СЖКкк},$$

мұнда:

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ТМКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерінің мөлшерін караумен, реттеумен, анықтаумен тікелей байланысты шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеу кезінде – сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны;

$$2) \text{ ОАШР } 2 = \text{ТКкк} - \text{СНЖКкк},$$

мұнда:

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында тек сақтандыру жағдайы басталуына ғана көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде);

СНЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін, өзінің тек сақтандыру жағдайдың басталуына байланысты сақтандыру төлемдерін (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде) жүзеге асыру бойынша ғана міндеттемені қабылдағаны үшін алуы тиіс сақтандыру нетто-жарналарының (біржолғы төлеу кезде – нетто-сыйлықақылардың) келтірілген күтілетін құны.

36. Келтірілген күтілетін құнын есептеген кезде Талаптардың 28-тармағында көрсетілген резервтік базис параметрлері қолданылады.

37. Аннуитет шарттары бойынша ОАШР есептеу күніне барлық қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтерінің сомасы ретінде есептеледі.

38. Жеке аннуитет шарты бойынша ОАШР мынадай шамаға тең болады:

$$\text{ОАШР} = \text{ТКкк} + \text{ОШКкк} - \text{СЖКкк},$$

мұнда:

ТКкк – аннуитет шартының талаптарында көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аннуитет шарты бойынша іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеген кезде – сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруын бастау мерзімі есептеу күнінен бұрын басталған аннуитет шарты үшін СЖКкк нөлге тең болады.

39. Аннуитет шарттары бойынша жүйелі сақтандыру төлемдерінің мөлшері ұлғайған жағдайда ОАШР:

сақтандыру төлемдерін жүргізу кезеңінде Талаптардың 38-тармағына сәйкес анықталады. Сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құнын есептеу сақтандыру төлемдері мөлшерінің ұлғаюын ескере отырып, жүргізіледі;

жинақтау кезеңінде мына шамалардың үлкені ретінде анықталады:

сақтандыру төлемдері өсімінің келтірілген күтілетін құны плюс Талаптардың 38-тармағына сәйкес белгіленген ОАШР (сақтандыру төлемдерінің мөлшері өсімісіз) мөлшері;

Талаптардың 38-тармағына сәйкес белгіленген (аннуитет шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша кірістері есебінен сақтандыру төлемдері мөлшерінің ұлғаюы ескерілген) ОАШР мөлшері ретінде.

40. Келтірілген күтілетін құнын есептеген кезде осы Талаптардың 28-тармағында көрсетілген резервтік базис параметрлері қолданылады.

41. Актуарий өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР Талаптардың 9-15-тармақтарына сәйкес есептейді.

42. Аннуитет шарттары бойынша, сондай-ақ өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР нөлге тең болады.

43. Актуарий өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР осы Талаптардың 17, 18, 19, 20, 21 және 22-тармақтарына сәйкес есептейді.

44. Аннуитет шарттары бойынша МРШР нөлге тең болады.

6. Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі

1-параграф. «Жалпы сақтандыру» саласы

45. ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есептеледі. ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі әрбір шарт бойынша β^{RE} коэффициентінің туындысы ретінде және ТСР есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша айқындалады.

$$\text{ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі} = \beta^{RE} \times \text{ТСР}.$$

мұнда:

β^{RE} коэффициенті қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысына қатысына тең. β^{RE} коэффициентінде қайта сақтандыру (сақтандыру) шарты бойынша цедентке комиссиялық сыйақыны және қайта сақтандыруға берілетін тәуекелдер бойынша сақтандыруды қорғауға жатпайтын қайта сақтанушыдан өзге де өтеулерді қоспағанда қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есепке алынады,

Актуарий пропорционалды емес сақтандыру шарттары бойынша ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі қолданылатын қайта сақтандыру моделінің негізінде есептейді. Сақтандыру ұйымында қайта сақтандыру моделі болмаған жағдайда ТСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі нөлге тең болады.

46. Актуарий қайта сақтандырушының ОМШР-дегі үлесін жеке әрбір сақтандыру сыныбы бойынша қайта сақтандырушының үлесі ескерілген ОМШР мен қайта сақтандырушының Талаптардың 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-тармақтарына сәйкес есептелген үлесі ескерілмеген ОМШР арасындағы айырмашылық ретінде белгіленеді.

47. Қайта сақтандырушының үлесін ескермей ОМШР есептеу үшін Талаптардың 10-тармағында көрсетілген ОМШР есептеу әдістері қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып ОМШР есептеуде пайдаланылатын шығындардың даму коэффициенттерін қолдану арқылы пайдаланылады.

ОМШР Талаптардың 12-тармағына сәйкес есептеген жағдайда қайта сақтандырушының ОМШР-дегі үлесі шарттар бойынша есептелген, қайта сақтандыруға берілген және есептеу күнінен кейінгі он екі айдан кейін күшіне енген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 (бес) пайызын құрайды.

48. МРШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес қайта сақтандыру ұйымы өтеуі тиіс шығындар сомасының негізінде есептеледі.

2-параграф. «Өмірді сақтандыру» саласы

49. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін есептеу Талаптардың 45, 46, 47 және 48-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және аннуитет шарттары бойынша ОАШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік үлесін негізге ала отырып, анықталады және Талаптардың 34, 35, 36 және 37-тармақтарына сәйкес не қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) нақты мөлшерінің негізінде (алынған шамалардың қайсысы ең азы болып табылуына қарай) есептеледі.

51. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі Талаптардың 48-тармағына сәйкес анықталады.

52. Өмірді сақтандыру шарттары және аннуитет шарттары бойынша ОАШР-дегі қайта сақтандырушының үлесі есептелмейді.

53. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі Талаптардың 48-тармағына сәйкес анықталады.

7. Сақтандыру резервтері бойынша кірістер мен шығыстарды есептеу тәртібі

1-параграф. «Жалпы сақтандыру» саласы

54. ТСР-ды құру бойынша шығыстар Талаптардың 1-қосымшасының 1-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ТСР-дың ұлғаюы ретінде анықталады.

ТСР-дың төмендеуінен болатын кірістер Талаптардың 1-қосымшасының 1-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ТСР-дың төмендеуі ретінде анықталады.

ТСР-дағы қайта сақтандырушының үлесін құру бойынша кірістер Талаптардың 1-қосымшасының 1-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ТСР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің ұлғаюы ретінде анықталады.

ТСР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің төмендеуінен болатын шығыстар Талаптардың 1-қосымшасының 1-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ТСР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің азаюы ретінде анықталады.

55. МРШР-ды құру бойынша шығыстар Талаптардың 1-қосымшасының 2-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша МРШР-дың ұлғаюы түрінде анықталады.

МРШР-дың төмендеуінен болатын кірістер Талаптардың 1-қосымшасының 2-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша МРШР көлемінің төмендеуі түрінде анықталады.

МРШР-дағы қайта сақтандырушының үлесін құру бойынша кірістер Талаптардың 1-қосымшасының 2-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша МРШР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің ұлғаюы ретінде анықталады.

МРШР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің төмендеуінен болатын шығыстар Талаптардың 1-қосымшасының 2-нысанындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін

ОМШР-дың төмендеуінен болған кірістер Талаптардың 2-қосымшасының 1, 2, 3 және 4-нысандарындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР-дың төмендеуі түрінде анықталады.

ОМШР-дағы қайта сақтандырушының үлесін құру бойынша кірістер Талаптардың 2-қосымшасының 1, 2, 3 және 4-нысандарындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің ұлғаюы түрінде анықталады.

ОМШР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің төмендеуінен болатын шығыстар Талаптардың 2-қосымшасының 1, 2, 3 және 4-нысандарындағы деректерге сәйкес есепті кезеңнің басынан бастап соңына дейін сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР-дағы қайта сақтандырушы үлесінің азаюы түрінде анықталады.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 1-қосымша

1-нысан

_____ жағдай бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақта-нушы	Қайта сақта-нушы	Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі	Сақта-ндыру шартын жасау күні	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні	Сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Сақтан-дыру сомасы-ның мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақы-сының мөлшері (теңгемен)	Брокердің, агенттің атауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы:

Комис-сиялық сыйақының мөлшері (теңгемен)	ТСР	Сақта-ндыру шарты бойынша қосымша келісім-нің болуы (иә/жоқ)	Қайта сақтандыру шартының нөмірі	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандыру-шының сақтандыру сомасы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емеске қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емеске қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шартының жасау күні	Қайта сақтан-дыру шарты-ның қолданы-луы басталған күні	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

кестенің жалғасы

Қайта сақтандыру бойынша шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру түрі (факультативті, облигаторлық) Қайта сақтандыру нысаны (бірдей/бірдей емес)	Қайта сақтандырушының атауы	Қайта сақтандырушының рейтинглік бағасы	Рейтинг агенттігі	Қайта сақтандырушының резиденттігінің мәртебесі	Қайта сақтандырушыдан комиссия мөлшері (теңгемен)	Қайта сақтандыру бойынша брокердің комиссиялық сыйақысы		Қайта сақтандырушының ТСР	Қайта сақтандыру шарты бойынша қосымша келісімнің болуы (иә/жоқ)	
							% (пайыз)	Сомасы (теңгемен) Брокердің атауы			
26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37

Ескертпе: егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына қосымша келісім болған жағдайда, осы журналда қосымша келісімнің талаптарына сәйкес түзетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты жөніндегі ақпарат көрсетіледі. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі.

_____ жағдай бойынша реттелмеген шығындарды есепке алу журналы

№	Сақтандырушының саны	Сақтанушы	Пайда алушы	Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар күні	Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар туралы хабарлаған күні	Мәлімделген шығын мөлшері (теңгемен)	Сақтандырушының шығынды реттеуге арналған шығыстарының сомасы (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Сақтандыру жағдайларының осыған ұқсас топтары бойынша жүргізілген реттелген төлемдердің орташа мәні (Талаптардың 18-тармағының үшінші абзацында көзделген жағдайлар үшін)	Қайта сақтандырушының атауы	МРІПР	Қайта сақтандыру түрі (факультативті, облигаторлық) Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындағы қайта сақтандырушының үлесі (теңгемен)
12	13	14	15	16

_____ жағдай бойынша төлемдерді есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Пайда алушы	Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі	Сақтандыру шартын жасау күні	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар күні	Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар туралы хабарлаған күні	Мәлімделген шығын мөлшері (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Сақтандырушының шығынды реттеуге арналған шығыстарының сомасы (теңгемен)	Төлем сомасы (теңгемен)	Төлем жасалатын күн	Қайта Сақтандырушының атауы	Төлемдегі қайта сақтандырушының үлесі (теңгемен)	Қайта сақтандыру түрі (факультативті, облигаторлық) Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)
12	13	14	15	16	17

Ескертпе: «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазағайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған сақтандыру шарттары бойынша ақпарат кемінде соңғы үш жыл ішінде сақтандырудың өзге шарттары бойынша 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетіледі.

_____ жаздай бойынша

қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және сақтандыру қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қайта сақтандыруға берілген шарттарын есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Қайта сақтанушы	Сақтандырылған адамның саны	Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі	Сақтан-дырылған адамның туған күні	Сақтан-дырылған адамның жынысы	Сақтандыру шартын жасау күні	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні	Сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру сомасының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру сыйлықақысының кезеңділігі	Сақтандыру төлемдерінің кезеңділігі	Сақтан-дыру бойынша сақтан-дыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен)	Делдалдың атауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	Комиссиялық сыйақының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бойынша қосымша келісімнің болуы (иә/жоқ)	ТСР	Қайта сақтандыру шартының (қайта сақтандыру полисінің) нөмірі
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

кестенің жалғасы:

Қазақстан Республикасының Президенті қайта сайландырушының сақтандыру сомасы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының Президенті емес қайта сайландырушының сақтандыру сомасы (теңгемен)	Резидентке шарт бойынша қайта сайландыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының Президенті бойынша қайта сайландыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шартын жасау күні	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру түрі (факультативті, облигаторлық) Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)
23	24	25	26	27	28	29	30	31	32

кестенің жалғасы:

Қайта сақтандырушының атауы	Қайта сақтандырушының рейтингі бағасы	Қайта сақтандырушының резиденттігінің мәртебесі	Қайта сақтандырушыдан комиссия мөлшері (теңгемен)	Брокерге қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақы		Қайта сақтандырушының ОАІПР			
				% (пайыз)	Сумма (теңгемен)				
33	34	35	36	37	38	39	40	41	

Ескертпе:

егер сақтандырылған адам саны бір цифрдан асып кетсе 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14-бағандарда әрбір сақтандырылған адам бойынша мәндері жеке көрсетіледі;

егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына қосымша келісім болған жағдайда, осы журналда қосымша келісімнің талаптарына сәйкес түзетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ақпарат көрсетіледі;

егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі.

кестенің жалғасы:

Қайта сақтандыру шартының (қайта сақтандыру полисінің) нөмірі	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтанушының жауапкершілігі (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтанушының жауапкершілігі (теңгемен)	Резидентке шарт бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емеске шарт бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шарты жасалған күн	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша қорғаудың қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру түрі (факультативті/облигаторлық), Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)
24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34

кестенің жалғасы:

Қайта сақтанушының атауы	Қайта сақтанушының рейтингі	Қайта сақтанушының рейтингі агенттігі	Қайта сақтанушының резиденттігінің мәрсебесі	Қайта сақтандырушыдан комиссия мөлшері	Қайта сақтандыру шарты бойынша комиссиялық сыйақы			Қайта сақтандырушының ОАШР
					% (пайыз)	Сомасы (теңгемен)	Брокердің атауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	
35	36	37	38	39	40	41	42	43

Ескертпе:

егер аннуитет шарттары бойынша аннуитеттердің саны бір цифрдан асып кетсе әрбір сақтандырылған адам бойынша мәндері жеке көрсетіледі; сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына қосымша келісім болған жағдайда осы журналда қосымша келісімнің талаптарына сәйкес түзетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ақпарат көрсетіледі;

егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі.

_____ жағдай бойынша «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы»

2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған қолданыстағы аннуитет шарттарын есепке алу журналы

№	Сақтанушы	Қайта сақтанушы	Сақтандырылған адам саны	Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі	Аннуитет (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	Аннуитеттің туған күні	Аннуитеттің жынысы	Сақтандыру жағдайының күні	Шарт жасалған күн	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы:

Сақтандыру төлемдерінің басталған күні	Сақтандыру төлемдерінің аяқталған күні	Аннуитет бойынша сыйлықақы (теңгемен)	Есеп беру күніндегі аннуитеттік төлем мөлшері (теңгемен)	Аннуитеттік төлемдердің мерзімділігі	Сақтандыру сыйлықақыларынан шығыстар мөлшері (%-бен)	Сақтандыру төлемінің шығыстар мөлшері (%-бен)	Еңбек қабілеттілігінен айырылу дәрежесі (%-бен)	Мүгедектік дәрежесі	Делдалдың атауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	Комиссиялық сыйақының мөлшері (теңгемен)
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы:

Сақтандыру шарты бойынша қосымша келісім-нің болуы (иә/жоқ)	ОАШР	Қайта сақтандыру шартының (қайта сақтандыру полисінің) нөмірі	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтанушының жауапкершілігі (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтанушының жауапкершілігі (теңгемен)	Резидентке шарт бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қазақстан Республикасының резиденті емеске шарт бойынша қайта сақтандыру сыйлықақысы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шарты жасалған күн	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні
24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34

кестенің жалғасы:

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру түрі (факультативті/облигаторлық), Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)	Қайта сақтанушының ағауы	Қайта сақтанушының рейтингі	Қайта сақтанушының резиденттігінің мәрсесі	Қайта сақтандырушыдан комиссия мөлшері	Қайта сақтандыру шарты бойынша комиссиялық сыйақы % (пайыз) (теңгемен)	Брокердің атауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	Қайта сақтандырушының ОАШР		
35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45

Ескертпе:

егер аннуитет шарттары бойынша аннуитенттердің саны бір цифрдан асып кесте әрбір сақтандырылған адам бойынша мәндері жеке көрсетілді; сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына қосымша келісім болған жағдайда осы журналда қосымша келісімнің талаптарына сәйкес түзетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ақпарат көрсетілді;

егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетілді.

Соңғы 12 айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және оларға қосымша келісімдерді есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтанушы	Қайта сақтанушы	Шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі	Сақтандыру шарты жасалған күн	Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні	Сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлық-ақысының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бұзу күні	Қайта сақтанушының сақтандыру сомасы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру сыйлық-ақысы (теңгемен)	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні	Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы аяқталған күні	Қайта сақтандыру түрі (факультативті/облигаторлық), Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)	Төлем сомасы (теңгемен)	Төлем жасалатын күн	Төлемдегі қайта сақтандырушының үлесі (теңгемен)	
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Ескертпе:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына қосымша келісім болған жағдайда осы журналда қосымша келісімнің талаптарына сәйкес түзетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ақпарат көрсетіледі. Егер сақтандыру шарты бірнеше қайта сақтандыру ұйымдарында қайта сақтандырылатын болса, әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша ақпарат жеке жолда көрсетіледі.

_____ жаздай бойынша қолданыстағы сақтандыру шарттарына және қайта сақтандыруға қабылданған шарттарға қосымша келісімдерді есепке алу журналы

№	Сақтандырушының нөмірі	Сақтанушы	Сақтандыру шартына қосымша келісімнің нөмірі	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) жасалған күн	Сақтандыру шартының қосымша келісімінің қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының қосымша келісімін қолданылуы аяқталған күні	Сақтандыру шартының қосымша келісімін сақтандыру сомасының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шартының қосымша келісімін сақтандыру сыйлық-ақысының мөлшері (теңгемен)	Брокердің, агенттің атауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша комиссия бойынша комиссияның мөлшері (теңгемен)			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы:

Қайта сақтандыру шартының нөмірі	Қайта сақтандыру шартына қосымша келісімнің нөмірі	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)	Қайта сақтандыру шарты бойынша (қосымша келісім бойынша)
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24			

кестенің жалғасы:

Қайта сақтандыру түрі (факультативті/облигаторлық), Қайта сақтандыру нысаны (үйлесімді/үйлесімді емес)	Қайта сақтанушының ағауы	Қайта сақтанушының рейтингтік бағасы	Рейтинг агенттігі	Қайта сақтанушының резиденттігінің мәртебесі	Қайта сақтандыру-шыдан комиссия мөлшері (теңгемен)	Брокерге қайта сақтандыру шарты бойынша (қайта сақтандыру шартына қосымша келісім бойынша) комиссиялық сыйақы % (пайыз)	Брокердің ағауы
25	26	27	28	29	30	31	32
							33

Ескертпе: бірнеше қосымша келісімдер болған кезде сақтандыру шарттарының, қайта сақтандыру шарттарының және оларға барлық қосымша келісімдердің нөмірі көрсетіледі, әрбір қосымша келісім бойынша ақпарат жеке жолда беріледі.

жаздай бойынша

зейнетақы аннуитеті шарттарына қосымша келісімдерді және аннуитеттік сақтандырудың өзге түрлерін есепке алу журналы

№	Сақтандыру сыныбы	Сақтандыру шартының нөмірі	Сақтанушы	Шартқа қосымша келісімнің нөмірі	Сақтан дырыл ған адамның саны	Сақтан дырыл ған адамның туған күні	Сақтан- дырылған адамның жынысы	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) жасалған күн	Сақтандыру шартының (қосымша келісімнің) қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шартының (қосымша келісімнің) қолданылуы аяқталған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы басталған күні	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылуы ақталған күні	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру сыйлықа-қысының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бойынша біржолғы төлем мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты бойынша есеп беру күніндегі аннуитеттік төлем мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру төлемдерінің мерзімділігі	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру кепілдік кезеңі	Делдалдың ағауы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша комиссия-лық сыйақының мөлшері (теңгемен)	Сақтандыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру сыйлықа-қысы шығысының мөлшері (%-бен)	Сақтан- дыру шарты (қосымша келісім) бойынша сақтандыру төлемде-рінің шығыс мөлшері (%-бен)
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

кестенің жалғасы:

Ескертпе:

Осы журналда негізгі сақтандыру шарты және оған барлық қосымша келісімдер көрсетіледі, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына бірнеше қосымша келісім болған кезде әрбір қосымша келісім бойынша ақпарат жеке жолда беріледі.

егер аннуитет шартына қосымша келісім бойынша аннуитеттердің саны бір цифрдан асып кетсе әрбір сақтандырылған адам бойынша мәндері жеке көрсетіледі.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 2-қосымша

1-нысан

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындарды тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетуісіз (____ шығындар негізінде) резервтерді есептеуге арналған деректер

1) _____ бойынша есепті күнгі шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...		...		x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Ескертпе:

Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайлары орын алған кезеңдер бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	кезеңдер бойынша шығындар (j)			
	1	2	3	4
1	X (1,1)	X (1,2)	X (1,3)	X (1,4)
2	X (2,1)	X (2,2)	X (2,3)	x
3	X (3,1)	X (3,2)		x
4	X (4,1)			x

$X(i,j)$ - i -кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша j -кезеңнің соңындағы төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар; n - төлемдер туралы деректер қаралатын кезеңдердің саны.

Мысалы, $X(1,3)$ i кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша, мұнда $i=1$, сақтандыру ұйымы j кезеңіндегі төлемдер жасаған, мұнда $j=3$.

2) _____ жинақталған шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...		...		x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Ескертпе:

Жинақталған шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған жиынтық төлем (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар шамалары көрсетіледі.

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)			
	1	2	3	4
1	$X(1,1)$	$X(1,1) + X(1,2)$	$X(1,1) + X(1,2) + X(1,3)$	$X(1,1) + X(1,2) + X(1,3) + X(1,4)$
2	$X(2,1)$	$X(2,1) + X(2,2)$	$X(2,1) + X(2,2) + X(2,3)$	x
3	$X(3,1)$	$X(3,1) + X(3,2)$	x	x
4	$X(4,1)$	x	x	x

3) Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ _____
Шығындардың даму әдісі (орғаша арифметикалық, орғаша n - кезеңдер үшін, орғаша шегі)

Шығындардың басталу кезеңі (i)		Шығындардың даму факторлары (j)				
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері g(j)						
g(j)	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n- кезеңдер						x
орташа шек						x

Ескертпе:

Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде мәлімденген шығындардың жиынтықты шегінің бір төлем жасау кезеңінен келесісіне тиісінше ұлғаюына қатысты шығындардың даму $F(i,j)$ факторлары мынадай формула бойынша анықталады:

Шығындардың даму факторы = $F(i,j) = X(i,j+1) / X(i,j)$.

Шығындардың даму коэффициенттері g(j) шығындардың басталу кезеңдері бойынша шығындардың даму факторларының орташа алынған мәні ретінде есептеледі.

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)		Шығындардың даму факторлары (j)			
	1	2	3	4	
1	$\frac{X(1,1) + X(1,2)}{X(1,1)} = F(1,1)$	$\frac{X(1,1) + X(1,2) + X(1,3)}{X(1,1) + X(1,2)} = F(1,2)$	$\frac{X(1,1) + X(1,2) + X(1,3) + X(1,4)}{X(1,1) + X(1,2) + X(1,3)} = F(1,3)$		
2	$\frac{X(2,1) + X(2,2)}{X(2,1)} = F(2,1)$	$\frac{X(2,1) + X(2,2) + X(2,3)}{X(2,1) + X(2,2)} = F(2,2)$	x	x	
3	$\frac{X(3,1) + X(3,2)}{X(3,1)} = F(3,1)$	x	x	x	

4	x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$					
	1	2	3	4	
$g(j)$	$g(1)$	$g(2)$	$g(3)$		x

4) _____ бойынша болжанған жинақталған шығындар кестесі

сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Болжанған жинақталған шығындар					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	...	x	x	x
2	x	x	...	x	x	
3	x	x	...	x		
...
n-1	x	x	...			
n	x					

Ескертпе:

Болжанған жинақталған шығындар кестесінде әрбір кезеңдегі күтілетін шама немесе әрбір кезеңдегі келтірілген шығындар анықталады. Күтілетін төлемдер шамасы Жинақталған шығындар кестесіндегі және шығындардың даму коэффициентіндегі $g(j)$ шығындардың басталу кезеңінде жинақталған төлемдердің $X(i, j)$ жасалуы ретінде есептеледі.

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Болжанған жинақталған шығындар			
	1	2	3	4
1	x	x	x	x
2	x	x	$(X(2,1) + X(2,2) + X(2,3)) * g(3)$	
3	x	x	$(X(3,1) + X(3,2)) * g(2)$	$(X(3,1) + X(3,2)) * g(2) * g(3)$
4	x	$X(4,1) * g(1)$	$X(4,1) * g(1) * g(2)$	$X(4,1) * g(1) * g(2) * g(3)$

5) _____ бойынша шығындар резерві кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Болжанған жинақталған шығындар						Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	...	x	x	x	0
2	x	x	...	x	x		
3	x	x	...	x			
...
n-1	x	x	...				
n	x						
Шығындар резерві							
Ескертпе:							

шығындар резерві кестесінің «Кезеңдер бойынша шығындар резерві» бағанасында әрбір кезең үшін күтілетін шығындар шамасы қосылады. Күтілетін шығындардың жиынтық мәні шығындар резерві болып табылады.

Шығындардың басталу кезеңі (i)	Болжанған жинақталған шығындар				Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	3	4	
1	x	x	x	x	x
2	x	x	x	$(X(2,1) + X(2,2) + X(2,3)) * g(3) = P(2,4)$	$P(2,4) - (X(2,1) + X(2,2) + X(2,3))$
3	x	x	$(X(3,1) + X(3,2)) * g(2) = P(3,3)$	$(X(3,1) + X(3,2)) * g(2) * g(3) = P(3,4)$	$P(3,4) - (X(3,1) + X(3,2))$
4	x	$X(4,1) * g(1) = P(4,2)$	$X(4,1) * g(1) * g(2) = P(4,3)$	$X(4,1) * g(1) * g(2) * g(3) = P(4,4)$	$P(4,4) - X(4,1)$

6) _____ бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (і)	Кезеңдер бойынша шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	3
1			
2			
3			
...			
n-1			
n			
Жийынтығы			

Ескертпе:

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервтері кестесінде мыналар көрсетіледі:

«Кезеңдер бойынша шығындар резерві» бағанадағы Шығындар резерві кестесінде алынған тиісті кезеңдердегі шығындар резервтерінің мәні;
 «Мәлімденген, бірақ реттелмеген шығындар» бағанадағы тиісті кезеңдердегі мәлімденген шығындар сомасы;
 «Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар» бағанадағы «Кезеңдер бойынша шығындар резерві» және «Мәлімденген, бірақ реттелмеген шығындар» бағаналары арасындағы тиісті кезеңдегі айырмасы көрсетіледі.

Егер есеп төлемдермен негізделген жағдайда, ОМШР – 3-бағанада көрсетілген орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы, келтірілген шығындармен негізделген болса, ОМШР - 1-бағанада кезеңдер бойынша шығындар резервінің сомасы болады.

Инфляцияға түзету жасай отырып, тізбекті баспадақ әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген резервтер есебіне арналған деректер (_____ шығындар негізінде)

1) _____ бойынша шығындардың есепті күнгі кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)						
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1							
2							x
3					x		x
...		...					
n-1			x				x
n		x					x

Ескертпе: Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңдері бойынша топталған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

2) Әрбір өткен кезең үшін инфляция бойынша ақпарат

Кезеңдер	Өткен кезеңнің инфляциясы (пайызбен)
1	
2	
3	
...	...
n-1	
n	

Ескертпе:

Сақтандыру жағдайы пайда болған кезеңдегі инфляцияның ресми мәнінің орташа мәні көрсетіледі

3) _____ бойынша өткен кезеңдер үшін инфляцияға түзетілген шығындар _____ кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдер үшін инфляцияға түзетілген кезеңдер бойынша шығындар (j)							
	1	2	...	n-2	n-1	n		
1								
2								x
3					x			x
...		...			x			x
n-1			x		x			x
n		x			x			x

4) _____ бойынша өткен кезеңдер үшін инфляцияға түзетілген жинақталған шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдер үшін инфляцияға түзетілген жинақталған шығындар (j)							
	1	2	...	n-2	n-1	n		
1								
2								x
3							x	x
...		...					x	x
n-1			x				x	x
n		x					x	x

5) Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ _____ Шығындардың даму әдісі (орташа арифметикалық, n -кезеңдегі орташа, орташа шама)

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...		...		x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$						
$g(j)$	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
n -кезеңдегі орташа						x
орташа шама						x

6) _____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен болжамдалатын жинақталған шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындардың болжамдалатын жинақталуы					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	...	x	x	x
2	x	x	...	x	x	
3	x	x	...	x		
...
n-1	x	x	...			
n	x					

7) _____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындар резервінің кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындардың болжамдалатын жинақталуы								Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	...	n-2	n-1	n			
1	x	x	...	x	x	x	x	x	0
2	x	x	...	x	x				
3	x	x	...	x					
...
n-1	x	x	...						
n	x								
Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен шығындар резерві									

8) _____ бойынша шығындарды реттеу бойынша шығыстар сомасына өскен, бірақ мәлімделмеген орын алған шығындар резерві
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
1	0			0
2				
3				
...				
n-1				
n				
Жиынтығы				

Ескертпе: егер есептеу төлемдерге негізделген жағдайда, ОМШР бұл орын алған, бірақ мәлімделмеген 3-бағанда көрсетілген шығындар сомасы, егер келтірілген ОМШР шығындарда - кезеңдер бойынша 1-бағанда көрсетілген шығындардың резервтер сомасы.

*Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson)
әдісімен орын алған, бірақ
мәлімделмеген шығындар резервін есептеуге арналған деректер
(шығындар _____ негізінде)*

1) _____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
Мерзімділік						
1						
2						x
3					x	x
...				x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Ескертпе:

Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайлары орын алған кезеңдер бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)			
	1	2	3	4
1	X (1,1)	X (1,2)	X (1,3)	X (1,4)
2	X (2,1)	X (2,2)	X (2,3)	x
3	X (3,1)	X (3,2)		x
4	X (4,1)			X

$X(i,j)$ - i -кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша j -кезеңнің соңында мәлімденген шығын (төленген шығын) төлем;

n - мәлімденген шығындар туралы деректер қаралатын кезеңдердің саны

2) _____ бойынша жинақталған шығындар кестесі

сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	$n-2$	$n-1$	N
1						
2						X
3					x	X
...						
$n-1$...	x	x	X
n		x	x	x	x	X

Ескертпе:

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар			
	1	2	3	4
1	$X(1,1)$	$X(1,1) + X(1,2)$	$X(1,1) + X(1,2) + X(1,3)$	$X(1,1) + X(1,2) + X(1,3) + X(1,4)$
2	$X(2,1)$	$X(2,1) + X(2,2)$	$X(2,1) + X(2,2) + X(2,3)$	x
3	$X(3,1)$	$X(3,1) + X(3,2)$	x	x
4	$X(4,1)$	x	x	x

Жинақталған шығындар кестесінде жиынтықты төлемдер (төленген шығындар) немесе сақтандыру жағдайлары орын алған кезеңдер бойынша топтастырылған келтірілген шығындар көрсетіледі.

3) Шығындардың даму коэффициенттері $g(i)$ _____ шығындарды дамыту әдісі (орташа арифметикалық, орташа n -кезеңдер, орташа шама)

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	N
1						
2						X
3					x	X
...		...		x	x	X
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенті $g(j)$						
$g(j)$	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n -кезеңі үшін						x
орташа шама						x

Ескертпе:

Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде бір ақы төлеу кезеңінен кейінгіге қарай мәлімденген шығындардың бірлескен шамасына сәйкес келетін шығындардың даму факторлары $F(i,j)$ мына формула бойынша анықталады:

$$\text{Шығындардың даму факторлары} = F(i,j) = X(i,j+1) / X(i,j).$$

Шығындардың даму коэффициенттері $g(i)$ шығындардың орын алу мерзімдері бойынша шығындардың даму факторларының орташа мәні ретінде есептеледі.

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)			
	1	2	3	4
1	$\frac{X(1,1) + X(1,2)}{X(1,1)} = F(1,1)$	$\frac{X(1,1) + X(1,2) + X(1,3)}{X(1,1) + X(1,2)} = F(1,2)$	$\frac{X(1,1) + X(1,2) + X(1,3) + X(1,4)}{X(1,1) + X(1,2) + X(1,3)} = F(1,3)$	x
2	$\frac{X(2,1) + X(2,2)}{X(2,1)} = F(2,1)$	$\frac{X(2,1) + X(2,2) + X(2,3)}{X(2,1) + X(2,2)} = F(2,2)$	x	x
3	$\frac{X(3,1) + X(3,2)}{X(3,1)} = F(3,1)$	x	x	x
4	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенті g(j)				
	1	2	3	4
g(j)	g(1)	g(2)	g(3)	x

4) Коэффициенттер кестесі

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Шығындардың даму коэффициенті g(j)	Шығындардың даму факторлары f(j)	Кешігу факторлары h(j)= 1 - 1/f(j)
1			
2			
3			
...			
n-1			
n			

Ескертпе:

Коэффициенттер кестесінде:

«Шығындардың даму коэффициенттері g(j)» бағанында Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде g(j) көрсетілген шығындардың даму коэффициенттерінің мәні»;

«Шығындардың даму факторлары f(j)» бағанында шығындардың даму коэффициенттерінің жинақталған мәні көрсетіледі;

«Кешігу факторлары h(j)» бағанында $1 - 1/f(j)$ тең мәндер, мұнда f(j) даму факторы болып табылады.

Сактандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Шығындардың даму коэффициенті g(i)	Шығындардың даму факторлары f(i)	Кешігу факторлары h(j)
1	1	1	1-1/1
2	g(3)	1*g(3)	1-1/(g(3))
3	g(2)	1*g(3)*g(2)	1-1/(1*g(3)*g(2))
4	g(1)	1*g(3)*g(2)*g(1)	1-1/(1*g(3)*g(2)*g(1))

5) _____ бойынша есепті күнге орын алған, бірақ мәлімденбеген шығындар кестесі
сактандыру сыныбы

Сактандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Еңбек сіңірілген сыйлықақылар	Қайта сактандырушының үлесін есепке алумен шығындылықты сипаттайтын коэффициент	Күтілетін түпкілікті шығындар z(i)	Кешігу факторлары h(j)	Орын алған, бірақ есепті күнге төленбеген шығындар R(i)	Мәлімделген, бірақ есепті күнге реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
1	1	2	3=1*2	4	5=3*4	6	7=5-6
2							
3							
...							
n-1							
n							
Жийынтығы							

Ескертпе:

орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінде:

«Еңбек сіңірілген сыйлықақылар» бағанында сактандыру ұйымының тиісті кезеңдегі еңбек сіңірілген сыйлықақысы;

«Қайта сактандырушының үлесін есепке алумен шығындылықты сипаттайтын коэффициент» бағанында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 83 қаулысымен бекітілген

Сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4218 тіркелген) сәйкес есептелген сактандыру сыныбы бойынша қайта сактандырушының үлесін ескере отырып, шығындылықты сипаттайтын коэффициент мәні.

«Кешігу факторлары h(j)» бағанында кешігу факторларының мәні h(j), коэффициенттер кестесінде есептелген;

Егер Борнхьюгер-Ферлюсон әдісі ОМШР төлемдері негізделген жағдайда бұл сома орын алған, бірақ мәлімделмеген (7-баған) шығындарды болады, егер орын алған, бірақ есепті күнге төленбеген шығындар болса (5-баған) көрсетіледі.

Қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, ОМШР есеп айырысу кезінде:

«Еңбек сінрілген сыйлықақылар» бағанында тиісті кезеңдегі қайта сақтандырушының үлесін ескеріп, шығындылықты сипаттайтын коэффициентті мәні көрсетіледі;

«Кешігу факторлары $h(j)$ » бағанында кешігу факторларының мәні $h(j)$, Коэффициенттер кестесінде есептелген қайта сақтандырушының үлесін ескеріп кешігу факторларының мәні $h(j)$ көрсетіледі.

4-нысан

Мак әдісінің негізінде орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуге арналған деректер (_____ шығындардың негізінде)

1) _____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)		Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
Кезеңділігі	1	2	...	n-2	n-1	n	
1							
2						x	
3					x	x	
...		...		x	x	x	
n-1			x	x	x	x	
n		x	x	x	x	x	

Ескертпе:

Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының орын алу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

2) _____ бойынша жинақталған шығындар кестесі
 сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...		...		x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

3) Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ _____
 Шығындардың даму әдісі (орта арифметикалық, n-кезеңдер үшін орта, орташа шама)

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...		...		x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$						
$g(j)$	1	2	...	n-2	n-1	n
орта арифметикалық						x
n-кезеңдер үшін орта						x
орташа шама						x

4) Шығындардың даму коэффициенттерінің сызықтық регрессиясы

$r(g(j))$	r_1	r_2	r_3	r_n	Болжамды мәндер $r_m^* = \ln a + b^*j$		Шоғырландырылған фактор r_m^*
					$r_1^* = r_{n+1}$	$r_2^* = r_{n+2}$	
n	1	2	3	n	r_1^*	r_2^*	$r_m^* = r_{n+m}^* \geq 50$
Шығындардың даму коэффициенттері $\ln(g(j)-1)$							

a	
b	

Ескертпе:

- 1) Шығындардың даму коэффициенттерінің сызықтық регрессиясы кестесінде Шығындардың даму коэффициенттерінің сызықтық тәуелділігі анықталады $g(j)$ r -дан $r = \ln(g(j)-1)$ формуласы бойынша.
- 2) Шығындардың даму коэффициенттерінің болжамдалған сызықтық тәуелділігі r -дан $g(j)$ r^* -мәнінен басталады және $r = \ln(g(j)-1) = \ln a + b \cdot r^*$ формуласы бойынша анықталады. Бұл ретте $r^* \geq 50$ -мәнінен кем емес болып есептеледі.
- 3) Экспоненциалдық теңдеу параметрлері $r^* = \ln(g(j)-1) = \ln a + b \cdot r^*$ Excel-де «ЛИНЕЙН» формуласы бойынша есептеледі, мұнда a -параметр $\ln(g(j)-1)$, a параметр $b \cdot r_n$.
- 4) Шоғырландырылған фактор r_m^* шығындардың болжамды даму коэффициенттерінің туындауы болып табылады.

Мысалы, мына кестені қараймыз:

Шығындардың даму коэффициенттерінің сызықтық регрессиясы

$r(g(j))$	r	$r+1$	$r+2$	$r+3$	Болжамды мәндер $r_m^* = \ln a + b^*j$		Шоғырландырылған фактор r_m^*
					$r^* = r + n + 1$	$r^* + m = r^* + n + m \geq 50$	
n	1	2	3	4	5	6	7
$\ln(g(j)-1)$	$r = \ln(g(1)-1)$	$r+1 = \ln(g(2)-1)$	$r+2 = \ln(g(3)-1)$	$r+3 = \ln(g(4)-1)$			

a	Excel-де «ЛИНЕЙН» формуласы бойынша x үшін $\ln(g(j)-1)$ мәні көрсетіледі
b	Excel-де «ЛИНЕЙН» формуласы бойынша y үшін r мәні көрсетіледі

а және b мәндерін алғаннан кейін, шығындардың даму коэффициенттеріне сызықтық тәуелділіктің болжамды мәндері көрсетіледі $g(j)$ -дан, $r^* = \ln(g(j) - 1) = \ln a + b \cdot j$ формуласы бойынша

Шығындардың даму коэффициенттерінің сызықтық регрессиясы $\ln(g(j) - 1)$

$r(g(j))$	R	$r+1$	$r+2$	$r+3$	Болжамды мәндер $r^* = \ln a + b \cdot j$		Шоғырландырылған фактор r_m^*
n	1	2	3	4	$r^* = 5$	$r^* + m = 7 > 50$	
Шығындардың даму коэффициенттері $\ln(g(j) - 1)$	$\ln(g(1) - 1)$	$\ln(g(2) - 1)$	$\ln(g(3) - 1)$	$\ln(g(4) - 1)$	$\ln a + b \cdot r^*$	$\ln a + b \cdot r^* + 1$	Шығындардың даму коэффициенттерінің туындауы

6) _____ бойынша шығындардың болжамды жинақталу кестесі сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңдері (i)	Шығындардың болжамды жинақталуы					Кезеңдер бойынша шығындар резерві	r^* шоғырландырылған факторларды қоса есептегенде, шығындардың болжамды жинақталуы
	1	2	...	n-2	n-1		
1							
2							
3							
...							
n-1							
n							
Шығындар резерві							
r^* шоғырландырылған факторларды қоса есептегенде шығындар резерві							

Ескертпе:

« r^* шоғырландырылған факторларды қоса есептегендегі шығындардың болжамды жинақталуы» бағанында кезеңдер бойынша шығындар резервінің және шығындардың даму коэффициенттерінің сызықтық регрессиясы кестесінен алынған r^* шоғырландырылған факторлардың туындауы көрсетіледі.

7) _____ бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының пайда болу кезеңі (i)	г* шоғырландырылған факторларды қоса есептегендегі, шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
1	1	2	3=1-2
2			
3			
...			
n-1			
n			
Жиынтығы			

Ескертпе:

Егер есептесу ОМШР төлемдеріне негізделсе, онда осы орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы (3-баған), егер орын алған шығындарда болса – есепті күнгі туындаған, бірақ төленбеген шығындар сомасы (1-баған).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2014 жылғы 6 мамыр

№ 77

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер
есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының
жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру
нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 15 қарашада № 11 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулық»;

кіріспенің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулық «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – Заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді

және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есеп беру мерзімдерін белгілейді.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қызметін «өмірді сақтандыру» саласында жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерінің есебі мынадай сақтандыру сыныптары және түрлері бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады:

1) өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша;

2) сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына қатысуымен өмірді сақтандыруды көздейтін сақтандыру түрі бойынша;

3) жазатайым оқиғалардан сақтандыру және ауырған жағдайда сақтандыру сыныбы бойынша.

Сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін есептеу үшін осы Нұсқаулықтың **11, 15 және 17-тармақтарына** сәйкес алынған сомалар қабылданады.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. «Сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына қатысуымен өмірді сақтандыру» сақтандырудың түрі бойынша сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері мынадай шамалардың қосындысына тең мәнді білдіреді:

1) сақтандыру ұйымы инвестициялық тәуекелге ұшырайтын шарттар бойынша Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6540 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына немесе кірістеріне қатысу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 134 қаулысына (бұдан әрі – № 134 қаулы) сәйкес есептелген ішкі резерв қоры сомасының 4 (төрт) пайызы;

2) сақтандыру ұйымы инвестициялық тәуекелдерге ұшырамайтын және әкімшілік шығыстарды жабуға бөлінетін қаражат сомасы белгіленген шарттар бойынша № 134 қаулыға сәйкес есептелген ішкі резерв қоры сомасының 1 (бір) пайызы;

3) сақтандыру ұйымы инвестициялық тәуекелге ұшырамайтын және әкімшілік шығыстарды жабуға бөлінетін қаражат сомасы белгіленбеген шарттар бойынша алдыңғы қаржы жылындағы әкімшілік шығыстар сомасының 25 (жиырма бес) пайызы.»;

16-тармақ алып тасталсын;

18-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«төленуге тиіс дивидендтер шегерілген алдыңғы жылдардың бөлінбеген кірісі (оның ішінде қорлар, көзделмеген тәуекелдер резерві, тұрақтандыру резерві, өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптастырылған резервтер);»;

22-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы оны өтеуі мүмкін (толық немесе ішінара), оның ішінде, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қорытындысына сәйкес осындай өтеу кейіннен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Нұсқаулықта белгіленген пруденциалдық нормативтерді сақтамауына әкелмейді деген шартпен мерзімнен бұрын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша ғана өтелуі мүмкін.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең аз мөлшері мына шамалардан кем болмауы тиіс:

«жалпы сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 600 000 000 (алты жүз миллион) теңге;

«өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 1 100 000 000 (бір миллиард бір жүз миллион) теңге;

Заңның 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) тармақшаларында көрсетілген сақтандырудың ерікті нысанындағы сыныптары бойынша және сақтандырудың міндетті нысанындағы кез келген сыныбы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 1 000 000 000 (бір миллиард) теңге;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы үшін - 780 000 000 (жеті жүз сексен миллион) теңге.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті күндегі міндеттемелерінің жалпы көлеміндегі Заңның 6-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша міндеттемелердің үлесі 90 (тоқсан) пайыздан астам құраса сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең аз мөлшері 10 (он) пайызға азайтылады.»;

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнының, олардың сапа және өтімділік жіктелімін ескергендегі есебіне шарттың талаптары бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек, сақтандыруды (қайта сақтандыруды) қорғауды қолдану мерзімі басталмаған сақтандыру шарттары бойынша пайда болған дебиторлық берешек, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысы болып табылатын немесе қомақты қатысуы бар ұйымдардың ірі қатысушыларының, еншілес ұйымдарының, сондай-ақ өзге де аффилиирленген ұйымдардың дебиторлық берешегі кірмейді.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандырушының үлесі шегерілген, сақтандыру резервтері сомасына жоғары өтімді активтер құнының қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептелетін жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативін күнделікті сақтайды:

$$N_{\text{жа}} = \frac{\text{ЖА}}{\text{СР}} \geq 1,$$

мұнда:

$N_{\text{жа}}$ – жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативі;

ЖА – осы Нұсқаулықтың 36-тармағында көрсетілген жоғары өтімді активтердің күнтізбелік күн соңындағы құны;

СР – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6293 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2014 жылғы 6 мамырдағы № 76 қаулысына (бұдан әрі – № 76 қаулы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9529 тіркелген) сәйкес есептелген қайта сақтандырушының соңғы есепті айдың соңындағы үлесі шегерілген сақтандыру ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы. Сақтандыру резервтерінің сомасы уәкілетті органға ай сайынғы қаржылық және өзге де есептілікті ұсынған күнге дейін пайдаланылады.

Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігінің нормативі бірден кем болмайды.»;

33-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33-1. Осы Нұсқаулықтың 24-тармағына сәйкес активтердің сапа және өтімділік жіктелімін ескере отырып, жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативін және нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеген кезде сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі сомасына Қазақстан Республикасының резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен және Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен жасалған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі мына жағдайлардың бірі болғанда енгізілмейді:

Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында «Standard & Poor's» агенттігінің «В-»-тен төмен халықаралық рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар, немесе осы рейтингілік агенттіктердің рейтингілік бағасы жоқ;

қайта сақтанушыда (цедентте) Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат, оның ішінде қайта сақтандыру шартын жасаған күннің алдындағы соңғы үш қаржы жылының қаржылық есептілігі және ол тіркелген елдің уәкілетті органының қайта сақтандыру шартын жасаған күнге дейінгі соңғы есепті кезең ішінде төлем қабілеттігі маржасы (меншікті капиталы) бойынша талаптардың сақталуы туралы ақпарат жоқ;

сақтандыру тәуекелдерін тапсыру кезінде факультативтік қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, қайта сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау валютасы бағамының өзгеруі нәтижесіндегі асып түсу жағдайын қоспағанда, сақтандыру шарты бойынша сыйлықақы мөлшерінен асып түседі;

қайта сақтандыру шарты жауапкершілік көлемінің он пайызынан аспайтын және сақтандыру сыйлықақысы көлемінің елу пайызынан астамын беруді көздейді;

қайта сақтандыру шарты қайта сақтанушының (цеденттің) қайта сақтандыру саясатына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6113 тіркелген) ережелеріне қайшы жасалған;

қайта сақтандыру шартында қайта сақтанушыны (цедентті) және сақтандырылған тұлғаны қоспағанда, қайта сақтанушының (цеденттің) аффилиирленген тұлғасының және (немесе) сақтанушының аффилиирленген тұлғасының сақтандыру сыйлықақысының, пайданың және (немесе) қайта сақтандыру шарты немесе шарттар тобы бойынша қайта сақтанушының кірістері мен шығыстары арасындағы оң айырмасының бір бөлігін алуы туралы талабы бар;

қайта сақтандыру шартында шарт немесе көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша барлық сақтандыру тәуекелдерін немесе бір бөлігін қайта сақтандыруға беру көзделеді.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Осы Нұсқаулықтың **32 және 36-тармақтарына** сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасын есептеу үшін мыналар ескерілмейді:

1) РЕПО операцияларының мәні болып табылатын активтерді қоспағанда, сақтандыру ұйымының меншік құқығы шектеулі (оның ішінде кепілге беру, міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін активке ауыртпалық салу бойынша мәмілені жасау нәтижесінде) активтер;

2) Заңға сәйкес ірі қатысушылар немесе еншілес ұйымдар (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар ұйымдар) болып табылатын заңды тұлғалардың акциялары және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар;

3) осы ұйымға қатысты аффилиирленген болып табылатын, заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар;

4) сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына қатысуымен өмірді сақтандыру шарттары бойынша ішкі резерв қорын орналастыру нәтижесінде алынған активтер.»;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Жеке сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарты бойынша, сондай-ақ әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өздігінен ұстап қалудың ең жоғары мөлшерін актуарий есептейді.

Сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартын жасау күніне және бүкіл қолданыста болу кезеңі ішінде әрбір келесі есепті күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өздігінен ұстап қалудың ең жоғары мөлшері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті күніне есептелген нақты төлем қабілеттілігі маржасының мөлшеріне қатысты мына мәндерден аспайды:

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап: 80 (сексен) пайыз;

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап: 50 (елу) пайыз;

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап: 30 (отыз) пайыз.»;

мынадай мазмұндағы 8-2-тараумен толықтырылсын:

«8-2. Қосымша пруденциалдық нормативтер: көзделмеген тәуекелдер резерві, тұрақтандыру резерві.

44-8. Көзделмеген тәуекелдер резерві (бұдан әрі – КТР) – сақтандыру төлемдерін және сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстарды жабу үшін еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві (бұдан әрі – ЕСР) жеткіліксіз болған кезде ықтимал болашақ тәуекелдер бойынша қалыптастырылатын резерв. Бұл ретте ЕСР № 76 қаулыға сәйкес есептеледі.

Көзделмеген тәуекелдер резерві бір мезгілде мынадай талаптар сақталған жағдайда ай сайын есептеледі:

таза сақтандыру төлемдерінің, сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстардың және қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген шығындар резервінің өзгеруі сомасының қол қойылған сақтандыру сыйлықақыларының және қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген КТР өзгеруінің айырмасына қатынасы сақтандыру сыныбы бойынша 105 (бір жүз бес) пайыздан артық болса;

жеке сақтандыру сыныбы бойынша қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша таза сақтандыру сыйлықақыларының көлемі есепті кезеңдегі қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша таза

сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 10 (он) пайызынан асатын болса.

КТР төмендегідей есептеледі:

$$КТР = \left(\frac{T + Ш + \Delta ШР}{ТҚ - \Delta ЕСР} - 1.05 \right) \times ЕСР ,$$

мұнда:

Т- таза сақтандыру төлемдері;

Ш – сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстар;

$\Delta ШР$ - шығындар резервінің (қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген) өзгеруі;

ТҚ – таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылары (қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген қол қойылған сыйлықақылар). Таза қол қойылған сақтандыру сыйлықақылары – сақтандырушы олар нақты алынғанына немесе алынбағанына қарамастан есепке алуға қабылдаған сыйлықақылар;

$\Delta ЕСР$ – қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің өзгеруі;

ЕСР – есептеу күніне қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві.

Т, Ш, $\Delta ШР$, ТҚ, $\Delta ЕСР$ өлшемдері соңғы он екі айға есептеледі.

44-9. Тұрақтандыру резерві сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының болашақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға байланысты міндеттемелерін бағалау болып табылады.

Қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру ұйымының шығындылығын сипаттайтын орташа квадратты ауытқу коэффициенті шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің орташа мәнінің 10 (он) пайызынан артық болған жағдайда, сақтандыру сыныбы бойынша тұрақтандыру резерві қалыптастырылады.

Қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициент (бұдан әрі – шығындылықты сипаттайтын коэффициент) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 83 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4218 тіркелген) сәйкес айқындалады;

44-10. Тұрақтандыру резервін және шығындылықты сипаттайтын коэффициентінің оның орташа мәнінен орташа квадраттық ауытқуын есептеу осы Нұсқаулықтың 7-1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Тұрақтандыру резервінің есебіне алдыңғы үш қаржы жылына есептелген, шығындылықты сипаттайтын коэффициенттердің мәндері алынады.

Тұрақтандыру резерві аяқталған қаржы жылының нәтижелері бойынша әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке-жеке есептеледі.

Жазатайым оқиғалардан сақтандыру, ауырған жағдайда сақтандыру, өмірді сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру сыныптары бойынша тұрақтандыру резерві нөлге тең болады.

Тұрақтандыру резервінің жалпы шамасы сақтандырудың барлық сыныптары бойынша тұрақтандыру резервін қосу арқылы анықталады.

Ағымдағы қаржы жылының басында қалыптастырылған тұрақтандыру резерві ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін өзгермейді.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға пруденциалдық нормативтердің есебін мынадай мерзімділікпен ұсынады:

ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей – осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3 және 4-қосымшаларында көрсетілген нысандар бойынша пруденциалдық нормативтердің есебін, сондай-ақ қосымша мәліметтерді;

он күн сайын – осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жоғары өтімді активтер жеткіліктілігінің есебін;

айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша айдың есепті онкүндігінен кейінгі онкүндіктің алтыншы жұмыс күні ұсынылады;

айдың оныншы, жиырмамыншы күніндегі жағдай бойынша айдың есепті онкүндігінен кейінгі

онкүндіктің екінші жұмыс күні ұсынылады.

Сақтандыру тобының бас ұйымы тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың бірінші күні осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға сақтандыру тобының қаржы ұйымы болып табылмайтын қатысушыларының қаржылық есептілігін қоса бере отырып, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің есебін ұсынады.

Егер есептілікті беру мерзімі демалыс (мереке) күніне келетін болса, содан кейінгі жұмыс күні есептілікті беру күні деп саналады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерінің есебі осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасын қоспағанда, қағаз тасымалдауышта ұсынылады.

Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің есебі электрондық форматта және қағаз тасымалдауышта ұсынылады.

Қосымша мәліметтер және осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жоғары өтімді активтер жеткіліктілігінің есебі электрондық форматта, ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін тасымалдау жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің есебі электрондық форматта, ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін тасымалдау жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

Қағаз тасымалдауыштағы пруденциалдық нормативтердің есебіне және есепті күндегі жағдай бойынша қосымша мәліметтерге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қол қояды, мөрмен расталады және уәкілетті органға беріледі, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақталады.

Қағаз тасымалдауыштағы есепті күндегі жағдай бойынша сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің есебіне сақтандыру тобының бас ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған жағдайда – оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қол қояды, мөрмен расталады және уәкілетті органға беріледі, сондай-ақ сақтандыру тобының бас ұйымында сақталады.

Электрондық форматта ұсынылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есебіндегі деректердің қағаз тасымалдауыштағы деректермен сәйкестігін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қамтамасыз етеді.

Электрондық тасымалдауышта ұсынылатын сақтандыру тобының есептілігіндегі деректердің қағаз тасымалдауыштағы деректермен сәйкестігін сақтандыру тобының бас ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қамтамасыз етеді.

Уәкілетті органның талабы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы не сақтандыру тобының бас ұйымы сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей есептілігін белгіленген күндегі жағдай бойынша қағаз тасымалдауышта ұсынады.

Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің есебіне Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын сақтандыру тобы қатысушыларының олар тұрған елде олардың қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтерін есептеу әдістемесі, нормативтік мәндері туралы мәліметтер қоса ұсынылады.

Сақтандыру тобының өткен жылғы төртінші тоқсандағы төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің есебі уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей беріледі.»; мынадай мазмұндағы 45-1 және 45-2-тармақтармен толықтырылсын:

«45-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға КТР есебін қағаз тасымалдауышта осы Нұсқаулықтың 7-1-қосымшасының 1-нысанына сәйкес тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға тұрақтандыру резервінің есебін қағаз

тасымалдауышта осы Нұсқаулықтың 7-1-қосымшасының 2-нысанына сәйкес есепті жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанына дейін жыл сайын ұсынады.

45-2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға КТР, тұрақтандыру резервінің есебін осы Нұсқаулықтың 7-2-қосымшасының 1-нысанына сәйкес ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық форматта, ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін тасымалдау жүйесін пайдалана отырып ұсынады.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап пруденциалдық нормативтерді есептеуді алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3, 4 және 6-қосымшаларында көрсетілген нысандар бойынша әрбір жұмыс күні жүргізеді. Қағаз тасымалдауыштағы пруденциалдық нормативтердің есебіне бірінші басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер қол қояды, мөрмен расталады және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақталады.

Уәкілетті органның талабы бойынша сақтандыру ұйымы сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей пруденциалдық нормативтердің есебін қағаз тасымалдауышта ұсынады.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Есептілікті беру күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобының бас ұйымы уәкілетті органға пысықталған есептілікті және есептілікке өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу қажеттігінің себептері көрсетілген жазбаша түсіндіруді ұсынады.

Есептілікті беру күнінен бастап бес жұмыс күнінен асатын мерзімде есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобының бас ұйымы уәкілетті органға есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып, жазбаша өтініш ұсынады.»;

1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымша»;

2, 3-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулыққа 4-қосымша»;

5-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6, 7-қосымшалардың оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулыққа

6-қосымша»;

Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулыққа 7-қосымша»;

осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Нұсқаулыққа 7-1, 7-2-қосымшалармен толықтырылсын;

8-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес Нұсқаулыққа 9-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

